



## ЕЛОРДАДАҒЫ БІРҚАТАР НЫСАНДЫ АРАЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің жаңа ғимаратына барды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сай архив Алматыдан Астанаға көшірілді. Бұл ел тарихына қатысты құжаттар сақталатын орын ғана емес, білім және ғылыми-әдістемелік кешен ретінде қызмет көрсететін Орталық Азиядағы алғашқы архив болмақ.

Арнаулы ғимаратта мұрағат қоймасы, зертханалар, интерактивті экспозиция және оқырман залдары, жұмыс бөлмелері мен әкімшілік аумақ орналасқан. Мұндағы 24 мұрағат қоймасы қағаз жүзіндегі құжаттарды, дыбыстық-бейнелік жазбаларды сақтауға, сондай-ақ шағын таспалардағы және электрондық құжаттарды сақтандыру қорын орналастыруға арналған.

Президент Архивінде Қазақстанның 1918 жылдан бергі саяси тарихына қатысты құжаттардың мол қоры жинақталған. Атап айтқанда, қорда еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы, сыртқы және ішкі саясаты, халықаралық қатынастары, экономикалық қайта құру үрдістері мен әлеуметтік-мәдени дамуы бойынша материалдар бар.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде жүргізіліп жатқан қайта жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

Мемлекет басшысына жаңғырту жұмыстарынан кейін бас ғимараттың көлемі 10 мың шаршы метрге ұлғайып, 38 мың шаршы метрге жуықтағаны жөнінде баяндалды.

Соның нәтижесінде жана арнаулы аудиториялар ашуға мүмкіндік туды. Ауқымды іс-шаралар өткізетін 1 100 орындық үлкен концерт залы пайдалануға беріледі. Бұдан бөлек, оқу корпусында академиялық музыкаға арналған камералық зал, дайындық студиялары, студенттер мен өзге де суретшілердің туындылары қойылатын көрме галереялары бар.

### ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Тамара Босымбекқызы Дүйсенова Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі болып тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ермек Белделбайұлы Көшербаев Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары болып тағайындалды.

### СЕРПІН

## ЕҢБЕК АДАМЫ ЕЛЕНЕТІН ЖЫЛ




Өткен ғасыр соңынан бері жұмысшы мәртебесі мен тұрмысы қатты төмендеді. Посткеңестік кеңістікте телевизия мен кино еңбеккерлердің сұрықсыз бейнесін жасап, әжуа етуде еш ерінбеді. Жұмысшы дегенде «Джамшуттей» мазақ кейіпкерлерді көрсетті. Шынында, жұмысшы – бүкіл мемлекетті жаңартатын құдыретті күш иесі. Оның қолымен Қазақ елі соңғы бір ғасырда-ақ адам танымастай өзгерді, жаңғырып түледі, тұтас қалалар мен жаңа өндіріс ошақтары самсап бой көтерді. Жұмысшының керемет пассионарлық қарым-қабілеті мен жасампаз қасиетіне мемлекет әрдайым зәру.

(Жалғасы 6-бетте)

## АЛДАНҒАН «АҒАРТУШЫ», АРБАҒАН АЛАЯҚ КӨП

Педагогтің ізденісі мен оқуы диплом алып, маман атанғаннан кейін де аяқталмайды. Біліктілік үшін жанталас жұмысқа орналасқаннан соң да жалғасады. Қазір әлеуметтік желіде «мұғалімдерге портфолио жасаймыз», «аттестацияға жарамды сертификат береміз», «шетелдік конференцияға апарамыз» сияқты жарнамалар саңырауқұлақша қаптап жүр.

→ 10-11



### ЖЕРДЕГІ ЖҰМАҚ ҚАЙДА БАР?

Дүние жаралғалы адамзат ізгі қоғамды іздеумен келеді. Көнеден көш тартқан аңыз-әфсаналар мен ертегілер, шежіре-дастандардың барлығының түп негізінде осы идеалды қоғамды суреттейді, соған үндейді.

→ 12



### ҚҰСБЕГІЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ: САЛАҒА СОНЫ СЕРПІЛІС ҚАЖЕТ

Құсбегілік – қазақтың салтымен біте қайнасып, бірге жасасып, бабадан балаға мұра болып жеткен саф өнер. Қанаттылардың «ханы» деп дәріптелген қыранды қазақ қай кезде де құрметтеген.

→ 15

15 АҚПАН 2025 | СЕНБІ



## ТҮРКІСТАН ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕГЕ ИЕ БОЛАДЫ

Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда сенаторлар Түркістан қаласының ерекше мәртебесіне қатысты заңдарды қарады және өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

Отырыс барысында Сенат депутаттары «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңды және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Түркістан қаласының ерекше мәртебесі және шетелдегі мәдениет орталықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарады. Аталған заңдардың нормалары Түркістанды Қазақстанның рухани-мәдени, тарихи және туристік орталығы ретінде дамыту үшін құқықтық жағдайлар жасауға, сондай-ақ тарихи-мәдени мұраны қорғап, рухани нысандардың бірегейлігін сақтауға бағытталған.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев түркі әлемінің алтын бесігі — Түркістан қаласына ерекше мәртебе беру туралы мәселені облыс жұртшылығымен кездесуінде көтерген болатын. Президентіміздің тапсырмасын орындау үшін арнайы заң әзірленіп, мақұлданды. Жаңа нормалар аясында Түркістан шаһары еліміздің сәулет, рухани, тарихи-мәдени және туристік орталығы ретінде дамыту үшін кешенді шаралар көзделген. Осыған байланысты орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өкілеттіктері қайта қаралды. Сонымен қатар инженерлік, көліктік, әлеуметтік және туристік инфрақұрылымды дамыту мәселелері жан-жақты реттеліп отыр. Мақұлданған заңдар Түркістанның жан-жақты

дамуына сомды үлесін қосады деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ заң арқылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің бірегейлігін сақтау үшін кесененің қорғау аймағының шекарасынан бір жүз метр қашықтықта биіктігі жеті метрден асатын және ауқымы, түсі және құрылыс материалдары бойынша тарих және мәдениет ескерткіштерімен үйлеспейтін объектілер салуға жол берілмейтін болды.

Заңдарда мүгедектігі бар адамдар үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге және инклюзивті туризмді дамытуға арналған түзетулер де қарастырылған. Бұл ретте инфрақұрылымның кедергісіз қолжетімділігін қамтамасыз ету көзделіп отыр.

Сонымен қатар әкімдіктер мен мәслихаттардың құзыреттері қайта қаралды. Енді қала аумағында тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаланың ұлттық колөнер саласындағы шеберлердің шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын әзірлеу әкімдіктің құзыретінде болады. Бұл Түркістан қаласының аумағы арқылы транзиттік автомобиль көлігі қозғалысының схемалары мен тәртібін келісу рәсіміне де қатысты екенін атап өткен жөн.

## ҚХР ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Елшісі Хань Чуньлинмен кездесті.



Әңгімелесу барысында Мәжіліс Спикері Хан Чуньлинді Қазақстандағы дипломатиялық миссиясының басталуымен құттықтап, бұл екіжақты қарым-қатынастың қарқынды дамуы кезеңіне сәйкес келгенін атап өтті.

— Қытай — біздің ең жақын көршіміз. Екіжақты қарым-қатынасымыз жаңа «алтын отыз жылдықтың» кезеңіне еніп, мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестік рухында нығайып келеді. Бұл, ең алдымен, елдеріміздің көшбасшыларының қажырлы еңбегінің нәтижесі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен Төраға Си Цзиньпиннің тұрақты жеке кездесулері Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын жаңа деңгейге шығарды, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері мемлекет басшылары қол жеткізген барлық уағдаластыққа іске асыру үшін парламентаралық байланыстарды дамытуға дайын екенін айтты.

Ерлан Қошанов сондай-ақ дипломатты Мемлекет басшысының жетекшілігімен Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан ауқымды экономикалық және саяси реформалар

туралы хабардар етті. Мәселен, халықтың бейбіт атомды сенімді әрі экологиялық таза энергия көзі ретінде дамыту туралы шешімі жайлы айтып, бұл қадам алдағы уақытта ғылымның, техниканың және өндірістің өркендеуіне бастайтынына назар аударды. Сондай-ақ өндіріс саласын кеңейту, банк секторын нығайту және инвестиция тарту бойынша жоспарлар да сөз болды.

Өз кезегінде, Хан Чуньлин Қазақстан мен Қытай көшбасшылары саясатының ортақ тұстары барын және халықаралық күн тәртібінен экономикалық дамуға дейінгі мәселелер бойынша ұқсас құндылықтарды қамтитынын атап өтті. Елші Қазақстан ҚХР үшін Орталық Азиядағы аса маңызды сауда және инвестициялық әріптес екеніне тоқталды. Ол сондай-ақ партияаралық байланысты нығайтуға мән берді.

Тараптар энергетика, жасанды интеллект, цифрлық экономика, білім беру және туризм сияқты бағыттардағы ынтымақтастықты тереңдету жайын да талқылады.

## ДЕНСАУЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына Кипр Республикасымен сотталған адамдарды беру туралы келісімді, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдас-тыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ туралы келісім және ұйымның бюджетін қалыптастыру мен атқару тәртібі туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы ратификациялық заң жобаларын қарау ұсынылады.

Екінші оқылымда депутаттар денсаулық сақтау саласындағы нормалардың артық заңнамалық регламенттелуін болғызбау

мәселелері бойынша заң жобасын қарайды. Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар жекелеген нормаларды пысықтады. Атап айтқанда, есту қабілеті бұзылған және мүгедектігі жоқ адамдарды жергілікті бюджеттер есебінен есту протезімен қамтамасыз ету, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін қызметтер тізбесіне онкологиялық ауруларды ерте анықтауға скринингтік зерттеулерді енгізу ұсынылды.

Сонымен қатар бас бостандығынан айыруға немесе шартты түрде бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаға сотталған адамдардың құмар ойындарға қатысуына тыйым салуға бағытталған түзетулер енгізіледі.

Сондай-ақ спорттық іс-шараларды өткізу кезінде спорт ғимараттарының ішінде орналасқан жарнаманы қоспа-



ғанда, ғимараттар мен құрылыстарда орналастырылған букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасына тыйым салуға қатысты нормалар, букмекерлік кеңселер мен ерекше спорттық бағыттағы БАҚ-тың интернет-ресурстарындағы жарнаманы қоспағанда, онлайн-платформаларда басқа да БАҚ-та

және ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларына орналастырылған жарнамаға тыйым салуға бағытталған түзетулерді енгізді.

Күн тәртібінің жобасында Мәжіліске келіп түскен жаңа заң жобалары мен Сенаттың Бюджет кодексіне енгізген түзетулері де бар.

## БАҒДАР

15 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІЛҮГЕ ТИІС



«AMANAT» партиясының басты міндеті – азаматтардың өзекті мәселелерін шешу және олардың тұрмысын жақсарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізу. Адамдардың партияға деген сенімінің кепілі – осы. Бұл туралы Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов ұйымдастырушылық жиын барысында айтты. Партия былтыр атқарылған жұмысты қорытындылап, бірқатар басым міндетті айқындады. Кеңеске партияның өңірлік филиалдары қосылып, басқосу бейнеконференция режимінде өтті.

Жиын барысында «AMANAT» партиясының Төрағасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев партиялық жобаларға бірнеше рет жоғары баға бергеніне және жуырда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Әкімдер мектебі» жобасын ұйымдастыруда партияның оң тәжірибесін тағы бір рет айрықша атап өткеніне назар аударды.

– Бұл «AMANAT» партиясы атқарып жатқан жұмыстың жоғары тиімділігінің көрсеткіші және әрбір партиялыққа ерекше жауапкершілік жүктейді, – деп атап өтті Ерлан Қошанов.

«Мемлекет басшысының ауқымды реформалары табысты жалғасуда. Экономик-

адағы, ТКШ-дағы және өзге де салалардағы бұрыннан келе жатқан мәселелер шешілуде. Азаматтарды толғандыратын көптеген өткір мәселенің беті ашылууда. Ол – тарифтердің өсуі, азық-түліктің қымбаттауы, жанар-жағар май бағасының өсуі, ҚКС. Жүйе құраушы саяси күш ретінде партия өз жобаларымен, қабылданып жатқан заңдарымен азаматтар көтерген мәселелерді шешуге өз үлесін қосыу керек. Партия әркімнің жан дүниесімен үндесетін қадамдар жасай білуге тиіс. Бұл – халықтың партияға сенімінің кепілі», – деді ол.

Ерлан Қошанов «AMANAT»-тың алдында тұрған биылғы басым бағыттарға тоқталды.

– Олардың қатарында «Ауыл аманаты», «Әкімдер мектебі», партиялық жобаларды жүзеге асыруды жалғастыру, жастармен, әсіресе ауылдағы және жұмыссыз жастармен жүргізілетін жұмысты күшейту, азаматтарға атаулы көмек ұсыну, заңгерлік қолдау көрсету қаралды. Бұл шаралар қоғамның нақты сұранысына жауап береді және партия тарапынан үнемі назар аударуды талап етеді, – деп атап өтті «AMANAT» партиясы Төрағасы.

Атап айтқанда, 2,5 жыл бойы партиялықтар «Жер аманаты» комиссиясы арқылы жерге қатысты әділдікті қалпына келтіру мәселесімен айналысып келеді. Осы мәселе ұзақ уақыт бойы қоғамды дүрліктіріп келді. Партия осы жұмысқа араласқаннан кейін ғана бұл саладағы пікірталастар сындарлы бағытқа бет бұрды. Осылайша, 12 млн гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылып, оның 5 млн гектары азаматтарға берілді. Партияның бастамасы бойынша «Жайылымдар туралы» жана заң жобасы қабылданды. Сол арқылы көптеген мәселе жүйелі түрде шешімін тапты. Атап айтқанда, қоғамдық жайылымдар ұғымы енгізілді. Онда жерді құнарландыру, конкурстық негізде әділ бөлу, мемлекет тарапынан қаржыландыру қадамдары және өзге де нормалар мен жұмыстар жүйеге келтірілді.

Қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында екі жылда ел аумағында 850 мың адам оқудан өтті. Халықтың шамадан тыс несие алуын азайту бойынша парламенттік тыңдаулар өткізілді. Ал Мәжілістегі партия фракциясының мүшелері осы мәселеге қатысты банктердің емес, қарапайым адамдардың мүддесін қорғайтын түзетулер енгізді. Жалпы, «Қарызсыз қоғам» жобасы арқылы проблемалық несиелер деңгейі 2020 жылғы 18%-дан 2024 жылғы 7%-ға дейін төмендеді.

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының

төрағасы Мұрат Мұқаев «Ауыл аманаты» жобасы аясында 1 200-ден астам адам жеңілдетілген несие алғанын және бұл қадам 1 400 жұмыс орнын құруға мүмкіндік бергенін мәлімдеді. Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатындағы партия фракциясының жетекшісі Ирина Эктова депутаттар мемлекеттік органдарға 805 сұрақ жолдағанын, соның нәтижесінде Булаев су құбырын қайта жаңғыртуға, «Жезқазған-Петропавл» тасжолын жөндеуге және 46 медициналық нысан құрылысын қаржыландыруға қол жеткізілгенін атап өтті.

«Жастар Рухы» Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Әсетхан Баймұрза IT-саласын насихаттауға бағытталған конкурс туралы айтып, оның қорытындысы бойынша 4 жеңімпаз білім грантын иеленгенін жеткізді. Өңірде «Ерікті – көмек» жобасы сәтті жүзеге асып, волонтерлер тұрғындарға 109 сенім телефоны арқылы көмек көрсетіп жатқанын тілге тиек етті.

Ал Түркістан облысындағы «Орталық» бастауыш партия ұйымының төрағасы Данияр Көбеев «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында студенттер мен әйелдерге тігіншілік бойынша тегін шеберлік сыныптары ұйымдастырылғанын хабарлады.

Жиынды қорытындылай келе, «AMANAT» Төрағасы Ерлан Қошанов партиялықтар Мемлекет басшысының барлық бастамасын, Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын, партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын, сондай-ақ партиялық жобаларды іске асыру жұмысын күшейтуге тиіс екенін атап өтті.

Сонымен қатар Төраға партияның Әйелдер қанатының, «Жастар Рухы» жастар қанатының қызметін жандандыру және қоғамда цифрлық гигиенаны ілгерілету жөнінде бірқатар тапсырма берді.

## ИГІ ІСТЕ БІРЛІГІМІЗ БЕРІК

«AMANAT» партиясының бастамасымен еліміздің барлық өңірінде «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы өтіп, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәдениетті дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жалғасын табууда. Бұл шаралар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында жүзеге асуда.

Ақтөбе облысында партия белсенділері Ақжар ауылындағы зейнеткер Сәуле Исмағұлова мен Қобда ауылындағы тыл ардагері Петр Резниктің ауласын қардан тазартты.

«Еліміздегі экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған акция аясында осыған дейін бірнеше өзен маңын тазарттық, ардагерлерге құрмет көрсетіп, ескерткіштер маңында сенбіліктер өткіздік. Бұл жолы қарияларға көмек көрсетуді ұйғардық. Өйткені табиғат ортақ, ал қариялар қашанда құрметке лайық», – деді партияның Хромтау аудандық филиалының атқарушы хатшысы Майра Балқыбаева.

Атырау облысы Махамбет ауданындағы «Таза бейсенбі» акциясында орталық алаң қардан тазартылып, 2 тонна қар шығарылды.

Қыстығүні қарт кісілерге қол ұшын созу жұмыстары Батыс Қазақстан облысында да жалғасын тапты. «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері аудандық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орта-

лықтың еріктілер тобымен бірлесіп, жалғызбасты қарияларға көмек көрсетті.

Алматы қаласының Наурызбай ауданында «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында егде жастағы тұрғындардың аулалары мен үйлері тазаланды. Акцияға ҰҚК Шекара қызметінің Алматы департаментінің сержанттар құрамын даярлау бөлімі мен ерікті жастар қатысты.

«Бұл іс-шара ауданымызды көркейтуге және тұрғындардың өмір сапасын арттыруға үлкен үлес қосады. Экологиялық мәдениетті дамытып, таза әрі жайлы орта қалыптастыру – ортақ міндетіміз», – деп атап өтті «AMANAT» партиясының Алматы қаласы Наурызбай аудандық филиалының төрағасы Баймұрат Жамбылов.

Ал Шымкент қаласында «AMANAT» партиясының қалалық филиалы ұйымдастырған экологиялық акцияға 50-ге жуық адам қатысты. Қатысушылар Берді Қожа көшесінде тазалық жұмыстарын жүргізді.

Қызылорда облысы Шиелі ауданында ұйымдастырылған «Таза бейсенбі» эко-



акциясы аясында Нартай Бекежановтың мемориалдық өнер музейінің ауласы қоршаған тазартылды. Іс-шараға «AMANAT» партиясының Шиелі аудандық филиалының атқарушы хатшысы Жібек Баймұратова, бастауыш партия ұйымдарының мүшелері, «Жастар Рухының» еріктілері мен филиал қызметкерлері қатысты.

Павлодар облысы Ақтоғай ауылында «Таза бейсенбі» және «Ардагерлерді ардақтайық» жобалары аясында қайырымдылық акциясы өтті. Волонтерлер мен қоғамға бейжай қарамайтын ауыл тұрғындары жиналып, жалғыз тұратын қарт әжейге көмек көрсетіп, үйінің айналасын қардан тазартты.

«Қаламыздың тазалығы үшін барлығымыз жауаптымыз. Сондықтан да мұндай шараларға тұрғындарды белсенді қатысуға шақырамын. Бүгін белсенді жастармен бірге «Таза бейсенбі» акциясына қатысып, қаламыздың көрікті орындарының бірін қардан тазаладық», – дейді аудандық мәслихат депутаты Айдос Қиямазанов.

«AMANAT» партиясының экологиялық акциялары еліміздің барлық өңірінде жалғасуда. Тазалық шаралары тек қоршаған ортаны қорғауға емес, қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға да ықпал етуде. Бүгінге дейін экоакция аясында республика бойынша 90 мың тонна қоқыс шығарылып, игі іске 50 мыңнан аса адам атсалысты.

## МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

15 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

# БАНКТЕР ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ТЫС ҚАЛМАУЫ КЕРЕК

Елімізде алаяқтық Еасқынып тұр. Жылына шамамен 45 мыңға жуық қылмыс тіркеледі. Мәселен, 2023 жылы 44 786 дерек тіркелген болса, 2024 жылы ол 45 156-ға, яки +0,8%-ға өскен. Соның ішінде интернет алаяқтық 5%-ға, 21 777-ден 22 870-ке дейін артқанын атай кету керек. Бұл мәселе – Мәжіліс депутаттарының да басты назарында. Осы аптада өткен жалпы отырыста Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Ринат Заитов Бас прокурор Берік Асылықовқа жолдаған сауалында банктерді де жауапкершілікке тартуға шақырды.

## Нұрлан ҚОСАЙ

«Өзіңіз жақсы білетіндей, адамзат баласы жаһанданып, жанарған кезеңде тәуелсіздігін енді қолға алып, етек-жеңін жинай бастаған Қазақстан бұрын естіп, білмеген талай жаңашылдыққа тап болды. Тиісті ақпараты мен тәжірибесі жоқ Қазақстан халқына ол жаңашылдықтар көп зиянды зардабын тигізіп жатыр.

Солардың бірі – «онлайн алаяқтық». Жаңа кезеңге жылдам бейімделген «жылпос» алаяқтар күн сайын қорғаныс халықтың шотындағы ақшасын ұрлап қана қоймай, мыңдаған адамның атына сырттай несие рәсімдеп, онсыз да зорға жүрген халықты зарлатуда.

Өкінішке қарай, жазықсыз жем болған жандардың жағдайын ұғып жатқан Үкімет те, банктер де көрінбейді. Ал көптеген алаяқтық жасау фактілерінде не банк, не жергілікті орган өкілдерінің қатысуымен болғаны дәлелденген. Мысалы, Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының қызметкері мүгедектігі бар, зейнеттегі жиыны 90 адамның шотындағы ақшаны жымқырған, Талдықорған, Астана, Алматы қалаларында да банк қызметкерлерінің азаматтардың жеке мәліметіне қол жеткізуге көмектескені жөнінде фактілер анықталған.

Дәлелмен айтсақ, республика көлемінде биылғы жылдың қаңтар, ақпан айларының өзінде ғана кибералаяқтықпен банк қызметкерлеріне қатысты ҚР Қылмыстық кодексінің 250-бабы (Өкілеттіктерді теріс пайдалану) бойынша – 15 іс, ал ҚР Қылмыстық кодексінің 254-бабы (Міндеттеріне адал қарамау) бойынша – 17 іс қозғалған», – делінген депутаттық сауалда.



Цифрларға көз жүгіртсек, қазақстандықтар былтыр интернет алаяқтарға 11,4 млрд теңгесін онлайн аударып жіберген екен. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,8 есе көп. 2023 жылы бұл сома 4 млрд болған. Finprom.kz сайтының хабарлауынша, былтырғы соманың түгелге жуығын, яки 11 млрд-ын жеке тұлғалар беріпті, ал қалғанын заңды тұлғалар (385 млн теңге) аударған, тіпті алданғандардың ішінде мемлекеттік мекемелер де бар, олар 8,4 млн теңгесінен айырлған. Енді осы ақшаның тек 36,6%-ын ғана қайтару мүмкін болған да, қалған 7 млрд теңге алаяқтардың қалтасында кеткен.

Ринат Рифқатұлы бұл тұста банктерді де жазасыз қалдыруға болмайтынын айтады. Өйткені мұның бәрі қаржы ұйымдарының қауіпсіздік қызметіндегі олқылықтардан болып отырғанын айқын түсінетін кез келді.

«Бір түсініксіз, бұл киберқылмыстан қорғауға, азаматтардың шоттарының қауіпсіздігін сақтауға міндетті банктерге ешқандай жауапкершілік жүктелмеген. Осы әділетті ме? Біз олай ойламаймыз.

Аңдап қарасақ, алаяққа жем болып, банкке сақтаған ақшасынан айырылып, мойнына жоқ жерден несие жүктелген жандарға жығылған үстіне жұдырық болып банктер де олардың шоттарын бұғаттайды.

Бұл – халыққа жасалған орынсыз қиянат. Сәл қиналса мемлекеттен миллиардтап қаржыны қайтарымсыз алатын, ойына келген пайыздың өлшемін тағайындап, өз қателіктеріне жауап беруден жалтаратын қайырымсыз банктер қашанға дейін тайрандамақ? Нақаттан нақат қарызға батқан халықты қорғайтын уақыт келді ғой. Ата Заңымыз бойынша мемлекеттің басты байлығы банк емес, «Халық» екенін есіңізге салайын», – дейді ашынған депутат.

Шындығын айтқанда, алаяқтар тарапынан келтірілген шығынды өндіріп алу мүмкіндігі өте аз екен. Бас прокуратураға қарасты Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің мәліметінше, былтыр 22,9 мың қылмыстық іс тіркелген

болса, оның 81,8%-ы кінәлі адам табылмағандықтан, тоқтатылған. Бір өкініштісі, бұл тенденция соңғы бірнеше жыл қатарынан сақталып отыр. 2019 жылдан бері алып қарасақ, ашылмай қалған қылмыстық істер үлесі жыл сайын 71-79%-ды құрайды екен. Құқықтық статистикалық есептерге сәйкес, интернеттегі алаяқтықтың ең көп таралған түрі, яки 26%-ы – азаматтардың жеке деректеріне рұқсатсыз қол жеткізу. Былтыр тәртіп сақшылары осындай 6,5 мың қылмыстық іс қозғаған. Сол сияқты қызметтерді (5,5 мың) және тауарларды (5,2 мың) онлайн сатып алудағы алаяқтық та кең тараған. Былтыр құқық



*Аңдап қарасақ, алаяққа жем болып, банкке сақтаған ақшасынан айырылып, мойнына жоқ жерден несие жүктелген жандарға жығылған үстіне жұдырық болып банктер де олардың шоттарын бұғаттайды.*



қорғау органдарына онлайн несие алғысы келіп, алданып қалған қазақстандықтар (3,9 мың) жиі хабарласқан екен. Бұл жерде банктердің де жауапкершілігі бар.

«Жоғарыда айтылғандардың негізінде мыналарды ұсынамыз. Әуелі екінші деңгейлі банктер кибералаяқтардың қылмыстық іс-әрекеттерінен зардап шеккен азаматтардың банктік шоттарын бұғаттан шығаруды және де бұл санаттағы адамдардың шоттарын бұғаттауға тыйым салу шараларын қарастыруды, екіншіден, шоттарындағы қаржының сақталуына жауапты банктер болғандықтан, кибералаяқтықтан келген зардап пен барлық шығынды банктер өз тарапынан өтеу міндетін жүктеуді ұсынамыз», – деп түйінделі өз сөзін «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Ринат Заитов.

Депутаттық сауалды дайындауға халықтан көптеп түскен өтініш-шағымдар сеп болған екен. Журналистерге берген сұхбатында ол өңірлердегі алаяқтарға алданып қалған 400-ден астам

азаматтан хат алғанын жеткізді. Қоғамдық қабылдауға да осындай шарасыз күйін айтып келетіндердің қарасы қалын. Мәселен, соның бірінде Аягөз қаласының тұрғыны құжаттарын жоғалтып алып, әлеуметтік желілерге жариялаған, ал оны тауып алған қаскөйлер әлгі кісінің мойнына 5 миллион теңге несие рәсімдеп жіберген. Сонда иесінің өзі жоқ, бөтен біреудің атынан қалайша қаржылық операциялар жасалады? Кінәлі тарап жауапкершіліктен тыс қалмауға тиіс.

«Маған қойынды қораға сақта деп беріп қойсаң, оған ақшасын төлеп отырсаң, сосын ол қойды қасқыр жеп кетсе, сен кінәлісің деп мен қайтіп айтам? Сол сияқты ғой! Банкке ақша салып, қосымшасы арқылы пайдаланып, комиссиясын төлеп отырғанда, ол ақшасын біреу онлайн ұрлап кетсе, оны неге жазықсыз адамның мойнына ілу керек? Біреудің кінәсінен болған несие неге біреу төлеу керек? Банкке немене ақша саламыз онда? Менің пікірімше, мұның барлығы банктердің қауіпсіздік қызметтерін нығайтуға ақша жұмсағысы келмегенінен болып отыр. Тағы бір себебі, банктер қызметкерлерін дұрыс тексеріп қадағаламайды. Мәселен, Талдықорғанда 1-2 ай істеген қызметкер мыңдаған адамның мәліметтерін ұрлап кеткен. Оны қауіпсіздік қызметі қадаға-

созбалаңға салынбай дереу арада шешілуге тиіс. Ал әзірге қолдан келетіні алаяқтардан сақтану ғана. Біз сөз соңында «Сіздің атыңызға бөгде адамдар несие рәсімдесе, не істеу керек?» деген шағын кеңес бере кеткенді жөн көрдік.

Ең бірінші кезекте қарыз рәсімделген кредит ұйымының атауын біліп алыңыз. Егер бұл ұйым Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің реттеуіне кіретін болса жақсы. Мұны қаржы реттеушісінің сайтында «Рұқсаттар және хабарламалар тізілімі» бөлімінен тексеруге болады. Екіншіден, құқық қорғау органдарына өтінішпен жүгіну қажет. Қолтаңба сараптамасы тағайындалатын болады, ол қарыз шартындағы алушының қолтаңбасы емесін анықтайды.

Алаяқтар сіздің атыңызға қандай кредит ұйымынан қарыз алғанын анықтай отырып, сіз осы ұйымға қатысты барлық қолда бар ақпаратты толық көрсете отырып, өтініш жазуыңыз қажет. Төлем картасы немесе жеке басын куәландыратын құжат жоғалған жағдайда растайтын анықтаманы қоса беру керек. Міндетті түрде ішкі қызметтік тексеру жүргізуді талап етіңіз. Сіздің өтінішіңізді тіркеуі қажет, өтінішті қабылдау күні жазылған тіркеу нөмірін өзіңізге қалдыратын өтініштің көшірмесіне де қою қажет.

Бұдан басқа кредит ұйымы шартын, оның қосымшаларының және жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін, сондай-ақ ақша аударылған шоттың деректемелерін ұсынуы тиіс. Сіз кредит берген және шартты рәсімдеген қызметкердің деректерін нақтылауыңыз қажет.

Кредит ұйымы құжаттарды ұсындан бас тартқан жағдайда сіз Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне шағымдана аласыз.

Егер кредит кредитоматтарда рәсімделген болса, онда оларда бейнекамералар орнатылған, ондағы жазбалар алушыны идентификаттауға көмектесе алады. Егер бұл онлайн қарыз болса, оны полиция ІР арқылы қаскөнемдерді анықтай алады. Мұндай тәсілді бейтаныс адамдар ғана емес, сонымен бірге жақын туыстар, құрбылар, достар, сіз құжаттарыңыз бен банктік деректеріңізді сенген таныс адамдар да қолдануы мүмкін екенін атап өткеніміз дұрыс.

Егер кредит ұйымы сіздің жеке куәлігіңіз бойынша ақшаны алаяқтардың алғанына дәлелдер таппаса, онда тұрғылықты жеріңіз бойынша мәмілені жарамсыз деп тану туралы сотқа арыз бересіз. Сот сіздің пайданыңызға шешім шығарған жағдайда кредит ұйымы сізден борышты төлеуді талап етуді тоқтатуы, берешекті есептен шығаруы және кредиттік бюроға бөгде адамның қарызы туралы ақпаратты сіздің кредит тарихыңыздан алып тастау туралы хат жіберуге тиіс.

Қоғамдық қабылдау бөлмелерінің қызметі партиялық жұмыстың аса маңызды бағыттарының бірі екені белгілі. Сайлаушылармен тікелей жұмыс істеуге басымдық беріп отырған партиямыз, халықтың үніне құлақ асып, қоғамдастық білдірген талаптарды бұлжытпай іске асыратын ықпалды саяси күшке айналды. «AMANAT» – қоғамда әлеуметтік әділеттілік принциптерін орнататын, барлық азаматтарға тең мүмкіндіктер жасауды жақтайтын, қоғам мен мемлекет игілігі үшін жұмыс істейтін партия ретінде ширап, елімізде жаңа саяси мәдениетті қалыптастырып келеді.



## ХАЛЫҚПЕН КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ҰТЫМДЫ АРНАСЫ

Азаматтардың партияға деген сенімін нығайтып отырған құрылымдар арасында «Үздік қоғамдық қабылдау бөлмесі» байқауы жарияланды. Атап өтуіміз керек, партияның Түркістан облыстық филиалы азаматтардың арыз-шағымын тіркеу, оларды бақылауға алу, сұраныстардың оң шешім табуына жәрдем көрсету салаларында республикада көш бастап тұрған өңірлік құрылым саналады. Облыстық партия филиалына қарасты қоғамдық қабылдау бөлмелерімен 2024 жылы 18 мыңға жуық азаматтың сұраныстары бақылауға алынды. Тіркеуге алынған арыз-өтініштердің 64 пайызы партия ықпалымен оң шешілді. Яғни, 11,5 мыңнан астам азаматтың талап-тілектерінің орындалуына үлесімізді қосып, мемлекет пен азаматтар арасында сындарлы байланыс орнығуына себепші болдық. Сондай-ақ өткен жылы 6,5 мыңға жуық азаматтың өтініштері бойынша кәсіби құқықтық кеңестер беріліп, көтерілген сауалдарды құқықтық механизмдер арқылы шешуде пайдалы консультациялар ұсынылды.

Қоғамдық қабылдау бөлмелерінің алаңдарында облыс әкімінің орынбасарлары, департамент, басқарма басшылары, халыққа қызмет көрсетуші ұйымдардың жетекшілері, мәслихат депутаттары тұрақты түрде токанына кемі бір мәрте азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдаулар жүргізуде. Ашық қоғам құруда тұрғындар көтерген сауалдарға жауаптар беріліп, мемлекеттік шешімдер қабылдау құзыреті-

не ие атқарушы органдар халықты толғандырған өзекті мәселелердің оңтайлы шешімдер табуына үлестерін қосуда.

Облыс, аудан орталықтарынан шалғайда жатқан елді мекендер халқының сұраныстарын да айрықша назарымызда ұстап отырмыз. Осы орайда шалғайда орналасқан елді мекендерде мобильді көшпелі қоғамдық қабылдаулар жиындарын өткізіп, жергілікті тұрғындардың өздері көтеріп жатқан мәселелері бойынша облыс орталығы – Түркістан қаласына сабылмай, ауылға келген жауапты тұлғаларға базиналарын жеткізуге мүмкіндіктер жасалды. Облыстық партия филиалының бастамасымен ай сайын екі ауданның 4 елді мекенінде өтетін кездесулер партияның «Құқықтық көмек» жобасы аясында ұйымдастырылып, тұрғындардың өтініштерін тыңдауда прокуратураның, полицияның, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әділет, төтенше жағдайлар органдарының, жеке сот орындаушылар, адвокаттар алқасының, нотариалдық палата өкілдерінің, медиаторлардың қатысуы қамтамасыз етілуде. Жергілікті маңызға ие мәселелерді облыстық деңгейдегі басқармалар мен департаменттердің жауапты өкілдері, халыққа қызмет көрсетуші ұйымдардың жетекшілері, халықты ауызсумен, газбен, электр қуатымен, ағын сумен қамтушы мекемелердің жауапты өкілдері, автомобиль жолдарының сапасына жауапты құрылым жетекшілері, облыстық және аудандық депутаттық корпустардың өкілдері келіп,

тыңдау үрдісі қалыптасқан. Бұл кездесулерде көптеген мәселелер жүйелі шешімдерін табуға, өзекті деген мәселелердің құқықтық реттеу тетіктері айқындалып, мемлекеттік органдардың да, партиялық қызметтің де бақылауына алынуда.

Партияның өңірлік филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесі атқарып жатқан ауқымды жұмыстың легін осы санаттағы міндеттер құрайды. 18 мыңға жуық арыз-өтінішті тіркеуге алып, арнайы дерекқорға енгізу, әрбір мәселені мазмұнына қарай жіктеп, жауапты органдарға жолдау табындылықты талап ететін жұмыс екені белгілі. Өтініштердің орындалуы туралы ақпараттарды алып, бірыңғай электронды базаға енгізу, өтініш иелерімен кері байланыс орнату, жауаптардың берілуін қадағалау мәселесі де аса ұқыптылықты, үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыс. Партия алаңында өтетін қоғамдық қабылдауларды мерзімінде, бекітілген кесте бойынша өтуін ұйымдастыру, мобильді көшпелі қоғамдық қабылдаулар жиындарын өткізу, оларға барлық сала бойынша жауапты өкілдердің қатысуын ұйымдастыру ісінің де өз қиындығы бар. Жауапкершілік ауқымы кең бұл міндеттерді облыстық партия филиалында екі адам ғана атқарып отыр. Олар – қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі Манат Жадақова мен осы бөлімнің консультанты Жанар Бауыржанқызы.

Партиялық қызметтің беделі болып табылатын қоғамдық қабылдау бөлмелерінің жұмысын ынталандыруда «AMANAT» партиясы Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің бастамасымен «Үздік қоғамдық қабылдау бөлмесі» республикалық байқауына облыстық деңгейдегі

іріктеу кезеңін өткіздік. Іріктеу байқауына 17 аудан, қалалық партия филиалы жанындағы қоғамдық қабылдау бөлмелері қатысып, олардың үздік жұмыс тәжірибелерін бағалауда арнайы комиссия құрдық. Байқау шарты бойынша қоғамдық қабылдау бөлмелерінің жұмыс тәжірибелерін азаматтардың өтініштерімен жұмыс, оң шешілген өтініштердің үлесі, DOCUMENTOLOG бірыңғай ақпараттық жүйесіне деректерді енгізу, қабылдау бөлмелерінің жұмысы, азаматтардың жеке қабылдауларын ұйымдастыру, «Құқықтық көмек» жобасын іске асыру, аймақтың өзекті мәселелерін тізбектеу, қоғамдық қабылдаулар жұмысын БАҚ-та ілгерілету бағыттары бойынша зерделеп, бағаладық.

Байқау жеңімпаздарын бүгін партияның өңірлік филиалында өткен кеңейтілген аппараттық мәжіліс барысында марапаттадық. Комиссияның шешімімен «Үздік қоғамдық қабылдау бөлмесі» байқауына қатысып, белсенділік танытқандары үшін Сарығаш, Түлкібас, Сауран, Төлеби аудандық және Арыс, Түркістан қалалық партия филиалдары алғысхат пен сыйлықтарға ие болды. Байқаудың III орын иегері ретінде партияның Ордабасы аудандық филиалы анықталса, II орынға партияның Қазығұрт аудандық филиалы лайықты деп танылды. Түркістан облысының «Үздік қоғамдық қабылдау бөлмесі» байқауының жеңімпазы ретінде Сайрам аудандық партия филиалы танылып, ол республикалық деңгейдегі байқауда бақ сынайтын болады. Еңбегі жанған әріптестерімізді құттықтаймыз, республикалық деңгейдегі байқауда үздік шығуына тілектестігімізді білдіреміз!

**Алтынсары ҮМБЕТӘЛИЕВ,**  
«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихаттағы партиялық фракция жетекшісі

## ТАСҚЫНҒА ТАСТҮЙІН ДАЙЫН

Биылғы су тасқыны кезеңіне дайындық барысы ерекше бақылауға алынды. Бұл туралы «AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалы жанындағы «Өңірлік даму» кеңесінің отырысында айтылды. Астана қаласы әкімдігінің, ТЖД, «Қазсушар» ШЖҚ РМК, «Қазгидромет» РМК өкілдері қатысқан іс-шарада қауіпті аймақтар мен елордаға жақын орналасқан елді мекендердегі жағдай талқыланды.

«Жиынымыздың негізгі мақсаты – елорданың су тасқыны кезеңіне дайындық деңгейімен танысып, бірлесіп жұмыс істеу. Бәрінен бұрын тұрғындардың қауіпсіздігі маңызды. Сондықтан біз жағдайды осы бастан бақылауда ұстап, жұмыла әрекет етуіміз керек. Сақтықта қорлық жоқ», – деді «AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалының Атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек.

Бүгінде коммуналдық қызметтер қаладан 5,6 млн текше метрден астам қар шығарып, 22,9 мыңнан астам метр арық-науа



желісін, 11 492 метр коллекторларды және 586 дана жанбыр қабылдау құдықтарын тазартқан.

«Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп алдағы су тасқыны кезеңіне дайындықты алдын ала бастады. Арнайы комиссия қаланың су тасқыны қауіпі бар учаскелерін зерттеп, 18 учаске бойынша аудан әкімдеріне қажетті шараларды қабылдау туралы ұсынымдар берді», – деді

Астана қаласы ТЖД бастығының орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі Мадияр Мырзагелдиев.

Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметіне сәйкес, су тасқыны құбылыстарына уақтылы ден қою мақсатында жеке құрамның 581 адамы, 506 техникасы, 131 мотопомпасы бар азаматтық қорғау қызметтерінің жалпы тобы құрылған.

Елорданы шаруашылық-ауызсу және өндірістік сумен жабдықтаудың жалғыз

көзі – Астана су қоймасы. Астана қаласын сумен жабдықтауға, жерді суаруға және су қоймасынан төмен Есіл өзені бойынша санитарлық су жіберуді қамтамасыз етуге арналған Астана су қоймасы 1970 жылы пайдалануға берілген. Қаладан оңтүстік-шығысқа қарай 65 шақырым жерде орналасқан су қоймасының жағдайын үнемі бақылауда ұстау өте маңызды.

«Қазір су тасқынына қарсы учаскенің аумағын, кірме жолдарды және қорғаныс бөгетінің жотасын қардан тазарту секілді дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ су тасқыны кезеңінде қажетті жеке қорғаныс құралдарымен, арнайы киіммен, ЖЖМ, қосалқы бөлшектермен, алғашқы медициналық көмек құралдарымен, инертті материалдармен қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізілуде. Астана су қоймасының жағдайы қалыпты. Десе де, 2025 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстары жалғасып жатыр», – дейді «Қазсушар» ШЖҚ РМК өкілі Жанар Мухатова.

Елорданың су тасқыны кезеңіне дайын болуы «AMANAT» партиясының да мүддесінде. Сондықтан «AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалы жанынан жұмыс тобы құрылып, жағдайды бақылауда ұстау үшін тиісті шаралар қабылдамақ.

**Мейір ЖАСЫН**

## СЕРПІН

15 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

ЕҢБЕК АДАМЫ  
ЕЛЕНЕТІН

ЖЫЛ

А Айхан ШӘРІП

(Басы 1-бетте)

Міне, сондықтан да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауының мән-маңызы аса зор. Бұл жылдан еңбеккерлердің күтері көп. Мәртебе мен жалақыны қатар көтеру, креативті индустрияның бүкіл керемет-күшін жұмылдырып, жұмысшыларды дәріптеу, жас ұрпақты жұмысшы кәсіптеріне қайта бейімдеу де осы жылдың жүгі.

КОМБИНАТ – «БАЛАПАН»  
ЖҰМЫСШЫ ИНКУБАТОРЫ

Президенттің тапсырмасымен Үкіметтің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №1134 қаулысымен 2025 жылы «Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары» бекітіліп, жүзеге асырыла бастады. Ол 7 бағыттан және 70 қадамнан (іс-шаралардан) тұрады.

Бағыттарға «Жұмысшы мамандықтарының жылын дайындау мен ұйымдастырудың 10 қадамы», «Кәсіптік бағдар беру жұмысын дамытудың 10 қадамы», «Жұмысшы кадрларды даярлау жүйесін жетілдірудің және ТжКБ тартымдылығын арттырудың 10 қадамы», «Жұмыс берушілердің жұмысшы кадрларды даярлауға және қолдауға қатысуын кеңейтудің 10 қадамы», «Жұмысшы мамандықтарының имиджін ілгерілетудің 10 қадамы», «Жұмысшы кадрлардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейтудің 10 қадамы» және «Жастардың әлеуметтік белсенділігін арттырудың 10 қадамы» жатады.

Өз кезегінде әрбір өңірлік әкімдік, жауапты мемлекеттік органдар, ұлттық компаниялар төл өңірлік және салалық жоспарын бекітіп алды. Жұмысшы мамандықтары жылын өткізу мәселелерін талқылап, дайындықты пысықтау үшін министрлерді, әкімдерді және өзгесін жиып, Үкімет басшысы Олжас Бектенов жеке отырыс та өткізді.

Жұмысшы мамандықтары жылын өткізу жөніндегі арнайы комиссия құрылды. Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, салалық қауымдастықтардың, ұлттық компаниялар мен кәсіподақтардың өкілдері кіретін комиссияға бұрынғы вице-премьер Тамара Дүйсенова жетекшілік етті.

Оның айтуынша, республикамызда кадрлық әлеуетті нығайту үшін жаңа бастамалар қолға алынып жатыр. Соның бірі – жас ұрпақты мектеп қабырғасында жұмысшы мамандықтарына баулу. Осы мақсатта мүдделі жұмыс берушілерді тарта отырып, орта білім ордаларының жоғары сыныптары деңгейінде жұмыс істейтін, мамандандырылған «оқу-өндірістік комбинаттарды» (ОӨК) құру болмақ.

Яғни, бастапқы кәсіптік біліктілікті алу тетігі немесе «микрорквал



фикация институты» енгізіледі. Өйткені мектептегі «Көркем еңбек» сабағы да, дуальді білім беру де, он жылдай бұрын іске қосылған, әрбір адамға колледжде бірінші жұмысшы мамандығын тегін алуына мүмкіндік беретін «Тегін техникалық және кәсіптік білім беру» бағдарламасы да күтілген нәтиже әкелмеді.

– Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде жоғары сыныптағы білім алушыларға мектеп деңгейінде бастапқы кәсіптік біліктілікті беру бойынша шаралар қабылдану үстінде. Бүгінде 8 өңірде – Ақмола, Алматы, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Түркістан және Жетісу облыстарында 17 ОӨК жұмыс істейді. Олардың желісі жергілікті бюджет қаражаты есебінен дамытылады, – деді Тамара Дүйсенова.

ЕЛ «КӘСІБІ БАҒДАРЫНАН»  
АЙЫРЫЛДЫ

– Орта білім жүйесінде кәсіби бағдарлау мен болашақ кадрларды даярлау бағдарламалары жоқ. Бұл жаста бозбалалар мен бойжеткендер кім болғысы келетінін түсіне бермейді. Бұрын оқушы болғанымызда, бізді егістікке күзгі жиынтеріме, агроөнеркәсіп кешендеріне көмектесуге апаратын. Ол кезде оқу-өндірістік комбинаттары болды. Халықаралық озық тәжірибе негізінде құрылған комбинаттар шәкірттердің орта мектептегі оқуын үзбестен, жұмысшы мамандығын менгеруіне көмектесетін. Елде тұңғыш ОӨК ХХ ғасырдың 70-жылдарында ашылды. Ал бүгінгі балалардың көбінің тіпті еңбек дағдысы жоқ, – деді Мәжіліс депутаты Николай Арсютин.

Оның айтуынша, осының кесірінен оқушылар болашақ кәсібін таңдағанда өзгелердің ықпалымен ойланбастан шешім қабылдай салады. Мысалы, олар достарының, таныстарының кеңесін құп алады, естігеніне не кинодан

және басқа маман таппай отырған ауыл кәсіпкері көп.

Жұмысшылар жылын өткізуге жауапты тұлға, Үкімет басшысының бұрынғы орынбасары Тамара Дүйсенова тағы бір тетік іске қосылғанын жеткізді. Ол да оқушыларға бағдарланған, бірақ шәкірттер комбинатта практикалық жұмыс істемейді, таза киініп, колледжде курстан өтеді.

– Жоғары сынып оқушыларына бастапқы кәсіптік біліктілігін берудің тиімді тетіктерін іріктеу және енгізу үшін 2023–2024 оқу жылында жоғары сынып оқушыларын колледждер базасында

тілік) туралы құжаттардың ортақ үлгісін әзірлеуді ұсынды.

ЖҰМЫСШЫ –  
ЭКОНОМИКАНЫҢ  
ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Мәжіліс депутаттарына жауап хатында Премьер-Министр Олжас Бектенов Президенттің тапсырмасымен ТжКБ ұйымдарында, яғни колледждерде жастарға тегін жұмысшы мамандығын беру бағдарламасы 2025 жылы жалғасатынын жеткізді.

«Осы мақсатта мемлекеттік білім беру тапсырысы соңғы 3 жылда 50 мың орынға ұлғайтылды: 2021 жылғы 93 мыңнан 2024 жылы 143 мың орынға дейін. Бұған қоса, ТжКБ-ні жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне өзгерістер енгізілді. Оған сай жан басына шаққандағы норматив 2 есеге жуық – 2024–2025 оқу жылындағы 437 мың теңгеден 2025–2026 оқу жылында орта есеппен 913 мың теңгеге дейін артады. Сондай-ақ колледж студенттерінің шәкіртақысы 2022 жылдан бері 2 есеге өсті. 2024–2025 оқу жылында жұмысшы мамандықтар бойынша шәкіртақы 43 574 теңгені құрады», – деді О.Бектенов.

Оның мәліметінше, биылғы атаулы жылда дуальді білім беруді дамыту, кәсіпорындардың мектептер мен колледждерді қамқоршылығына (шефство) алуы, кәсіпке бағдарлау жұмыстары жүргізіледі. Бұл бағыттар биылғы 6 қаңтарда қабылданған 2025–2027 жылдарға арналған ТжКБ-ні трансформациялау жөніндегі жол картасына енгізілген.

Бұдан бөлек, Президенттің тапсырмасымен және халықаралық тәжірибені ескере отырып, инженерлерді даярлаудың жаңа қазақстандық моделі ендіріліп жатыр. Ол бойынша инженерлік кадрлар 3 деңгейлі даярлықтан өтеді. Колледждерде – «техник», ЖОО бітірсе – «технолог», бейінді магистратураны аяқтаса, «кәсіби инженер» болады.

Премьердің дерегінше, «жастар практикасы» түрінде жас мамандардың жұмыс орнын бюджеттен уақытша субсидиялау бағдарламасы жалғасады. Оған соңғы 5 жылда колледж, ЖОО тәмамдаған түлектер қатыса алады. Оларды мамандығы бойынша жұмысқа алған жұмыс берушілер жалақының жартысын төлейді. Қалған жартысы айына 30 АЕК (биыл 117,9 мың теңге) көлемінде 12 ай бойы бюджеттен етеледі.

2024 жылы 33,4 мың адам, соның ішінде жұмысшы кәсібі бойынша 10 мыңы Жастар практикасына бағытталған. 2025 жылы онымен 40 мың адамды қамту жоспарланған. Сондай-ақ Жұмысшы мамандықтары жылы аясында ТжКБ түлектері үшін 24 мың жаңа жұмыс орны құрылуға тиіс.

Қазіргі уақытта экономиканың барлық саласындағы жұмысшы кәсіптерінде еңбек ететіндердің саны 1,3 миллион адамға жуық. Шаламен 37,4%-ы. Бұл ретте жұмысшы кадрларға деген сұраныс пен тапшылық артты. Оларды ауыстыруға роботтар мен технологияны қауқары әзірге жетер емес. Сондықтан құтты мекеніміздің көл-көсір қазынасы халық игілігіне жарауы, қала мен ауыл жайнауы, өндірістің қазаны қыз-қыз қайнауы үшін жұмысшы мамандықтарды қолдау биылмен шектелмей, болашақта да тек жалғасын тапқаны маңызды.

Жұмысшылар жылын өткізуге жауапты тұлға, Үкімет басшысының бұрынғы орынбасары Тамара Дүйсенова тағы бір тетік іске қосылғанын жеткізді. Ол да оқушыларға бағдарланған, бірақ шәкірттер комбинатта практикалық жұмыс істемейді, таза киініп, колледжде курстан өтеді.

көргеніне елігеді. Үлкен бөлігі ата-анасы өзіне қандай мамандықты таңдаса, соған көнеді. Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің зерттеуі көрсеткендей, жастардың 87%-ы таңдауын ересектер ықпалымен жасапты. Сонымен бірге ата-аналардың 75%-ы өз баласының шындығында кім болуды армандағанын білмейтінін мойындаған.

Тәжірибелі педагог Сәбит Нұрбаев қазіргі кезде мектептерде жас ұрпақты кәсіби бейімдеу дұрыс жолға қойылмағанын қаперге салды.

– Министрлік 5–9-сыныптарға арналған «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізді. Оның оқу бағдарламасы жас ұрпақтың өмірдегі орнын анықтауына септесетін жаһанда сұранысқа ие құзыреттерді зерделеуге, әмбебап дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Алайда оның тақырыптық бөлімдеріне сәйкес, бұл курс аясында мұғалімдер оқушылармен парасаттылық, патриотизм, өмір қауіпсіздігі, медиасуаттылық, экологиялық мәдениет сияқты тақырыптарда әңгімелесуге тиіс. Дұрысы, мысалы, Америкадағы сияқты әрбір кәсіпте жетістікке жеткен қазақстандықтарды шақырып, оқушыларға шағын дәріс оқуына, тәжірибе алмасуына, табыс тарихын түсіндіруіне жағдай жасау керек еді, – деді педагог.

Оның айтуынша, «профориентация» жұмыстарының ақсап жатқаны сыртында, жұмысшы кәсіптеріне қатысты қоғамдық теріс пікірдің кең таралуы да өскелең ұрпақтың жұмысшы мамандықтарын игеруге деген ынтасын жоюды. Соның салдарынан, мысалы, ауыл-аймақта орта есеппен 200 мың теңге айлыққа малшы, комбайншы, тракторшы, тігінші

оқытуды ұйымдастыру жөніндегі пилоттық жоба басталды. Оның алғашқы түлектері – 2 051 оқушы 2025 жылдың ақпанына бітіріп шығады деп жоспарланған, – деді Т.Дүйсенова.

Оның айтуынша, ауылдық жерлерде орналасқан мектептер үшін қысқамерзімді курстық даярлықты өткізу бойынша мобильді оқу орталықтары құрылды. Олар балаларды қоғамдық тамақтандыру, дәнекерлеу ісі, электр жабдықтауды ұйымдастыру, есепке алу, аудит және басқа кәсіптерге үйретеді. Курс соңында оқу орталығы мектеп оқушысына біліктілік тағайындап, тиісті куәлік береді.

Сонымен қатар бұрынғы вице-премьердің айтуынша, Жұмысшы мамандықтарының жылы шеңберінде биыл колледждердің қатысуымен One School One Skill (бір мектеп – бір дағды) жобасы іске асырылады. Ол бойынша әрбір мектеп ІТ (ақпараттық технологиялар), дизайн, агротехнология сияқты әртүрлі саланың біріне маманданады.

– Оқу-ағарту министрлігі жанындағы Жұмыс тобы жоғары сынып оқушылары үшін бастапқы кәсіптік біліктілікті – «микрорквалфикацияны» беру жөнінде Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартына түзетулерді қарастыру үстінде. Қорыта айтқанда, жоғары сынып оқушыларының бастапқы кәсіптік біліктілігі алуының әр алуан тетігі жүзеге асырылып жатыр, – деді Тамара Босымбекқызы.

Бізге аттестаттың және дипломның жалпыға мөлiм, қалыптасқан үлгісі бар. Осы орайда сарапшылар Үкіметке «бастапқы кәсіптік біліктілік» (микробилік-

## НАРЫҚ

15 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жауапты өкілдері жұмыс істейтін зейнеткерлер үшін зейнеткерлікке шығу мерзімін кейінге қалдыру мүмкіндігін қарастыруда. Сарапшылардың пайымдауынша, еңбек қызметін жалғастырған жағдайда, зейнеткерлерге мемлекеттік зейнетақы төлемдерін уақытша тоқтату ықтималдығы бар.

## «КҮМІС ЭКОНОМИКА»

## ҚҰНДЫЛЫҒЫН ЖОҒАЛТПАСЫН ДЕСЕК



Бұл мәселеге қатысты қоғамда туындаған пікірталастарды ескере отырып, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «күміс экономиканы» дамытудың маңызын атап өтіп, егде жастағы азаматтардың еңбек нарығына белсенді қатысуын ынталандыру қажеттігін айтты. Осыған байланысты, зейнеткерлік жастағы азаматтардың еңбек қызметін жалғастыруына қатысты мәселелерді талдап зерттеп көрейік.

Статистика агенттігінің мәліметтеріне сәйкес, 2023 жылдың үшінші тоқсанында 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бірнеше салада жұмыспен қамтылғандар саны айтарлықтай төмендеген. Өңдеу өнеркәсібінде 27,5 мың адамға, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларда 19,5 мың адамға, құрылыста 16,1 мың адамға, ауыл шаруашылығында 7,8 мың адамға, көлік және қоймалау саласында 6,4 мың адамға азайған. Бұл жұмыс істейтін зейнеткерлер санының айтарлықтай өскенін білдіреді.

Осы ретте «күміс буын» өкілдерінің еңбек нарығына тартылу келесі факторлармен байланысты екенін атай кеткен жөн. Олар — ауылдық жерлерде кейбір салаларда жұмыс күшінің тапшылығы, 1990 жылдардың соңында туған ұрпақ санының аздығы, Z буын өкілдерінің психологиясы, жұмысшы мамандар тапшылығы.

Біріншіден, ауылдық жерлерде кейбір салаларда жұмыс күшінің тапшылығы байқалады. Бұл — негізінен қалаға қарқынды көші-қонның салдары. 2022–2023 жылдары урбанизация үдерісінің күшеюімен байланысты ауыл халқының саны 148 мың адамға азайды. Жастар ауыл шаруашылығы саласында еңбек етуге қызығушылық танытпайды, себебі жалақының төмендігі мен еңбек жағдайының ауырлығы негізгі кедергілер ретінде көрінеді. 2024 жылдың үшінші тоқсанындағы мәліметтерге сәйкес, ауыл, орман және балық шаруашылығындағы орташа айлық номиналды жалақы 283 801 теңгені құрады.

Екіншіден, 1990 жылдардың соңында туған ұрпақ аздығының да әсері бар. Мысалы, 1996 жылдан 2002 жылға дейін туу коэффициенті орта есеппен 6,3 промиллеге тең болған, ал табиғи өсім шамамен 74 мың

адамды құраған. Бұл кезеңде туу көрсеткішінің төмен болуы қазіргі еңбек нарығында жұмыс күшінің жетіспеушілігіне әсер етуде.

Үшіншіден, Z буыны өкілдерінің (1990 жылдардың соңында туғандар) еңбек нарығында өз ерекшеліктері бар. «Зумерлер» еңбек нарығында икемді жұмыс кестесін және технологиялармен байланысты мансаптық бағыттарды артық көреді. Сонымен қатар бұл ұрпақ физикалық еңбекті қажет ететін салаларда, саудада, сондай-ақ білім беру мен медицина секторында жұмыс істеуге аса қызығушылық танытпайды.

Төртіншіден, қазіргі еңбек нарығына шығып жатқан жас ұрпақтың (Z буыны) жұмыс берушілерге қоятын талаптары айтарлықтай жоғары. Kursiv басылымының мәліметінше, бүгінгі ұрпақ әсіресе жұмыс форматына қатысты жоғары талаптар қояды. Әрбір екінші үміткер қашықтан немесе аралас жұмыс істеу мүмкіндігі қарастырылмаған бос жұмыс орнынан бас тартады. Бұл өзгеріс еңбек нарығындағы кандидаттардың басымықтықтарының ауысқанын көрсетеді, яғни олар икемді жұмыс кестесі мен ыңғайлы еңбек жағдайларын басты орынға қояды.

Бесінші фактор — жұмысшы мамандар тапшылығы. Еңбек нарығында жұмысшы мамандықтарына деген сұраныстың артуы байқалады. Nh.kz сервисінің мәліметінше, жүргізушілер, жүк тиеушілер, қоймашылар, өндірістік желі операторлары, қара жұмысшылар, дәнекерлеушілер, ораушылар және басқа да өндірістік процестерге қатысатын мамандарға арналған бос жұмыс орындарының саны бір жыл ішінде 70%-ға артқан. Бұл көрсеткіш аталған сегменттегі кадр тапшылығының жоғары екенін дәлелдейді. Негізгі секторларында да жұмыс күші жетіспейді.

Анық байқалатын жайт — егде жастағы азаматтар ауыр физикалық еңбекті талап ететін, төмен жалақы төленетін жұмыстарды жалғастыруға мәжбүр. Бұл құбылыс тек өмір сүру деңгейінің төмендігімен ғана емес, сонымен қатар зейнетақы мөлшерінің жеткіліксіздігімен, кейбір жағдайларда немерелерін қамтамасыз ету қажеттілігімен және ересек балаларына материалдық қолдау көрсету ниетімен байланысты. Осылайша, зейнеткерлердің еңбек нарығына

белсенді қатысуы әлеуметтік-экономикалық факторлардың ықпалында қалып отыр, бұл өз кезегінде зейнетақы жүйесін жетілдіру және егде жастағы азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту қажеттілігін көрсетеді.

Батыс елдерінде зейнеткерлердің саяхаттауы — кең таралған құбылыс, өйткені бұл елдерде зейнетақы жүйесі тұрақты, ал егде жастағы азаматтардың қаржылық мүмкіндіктері мол. Бұл елдерде зейнеткерлер температураға, өмір сүру құнына және жайлы ортаға байланысты маусымдық миграцияны таңдайды. Мысалы, Германия — жылы климатты елдерге (Испания, Италия, Греция) ұзақмерзімді демалысқа шығады, АҚШ — Snowbirds деп аталатын зейнеткерлер суық штаттардан Флорида, Аризона сияқты жылы аймақтарға қоныс аударады. Аустралияда Grey Nomads автокемперлермен ел аралап, жылы аймақтарда қыс өткізеді. Батыс елдерінде зейнеткерлердің саяхаттауы тек демалыс қана емес, сонымен қатар өмір сүру стилі болып саналады. Бұл олардың қаржылық тұрақтылығы, сапалы әлеуметтік қамсыздандыру және саяхатқа арналған жеңілдіктер жүйесінің дамығандығы арқасында мүмкін болып отыр. Мұндай тәжірибе еліміз үшін де маңызды үлгі болуы мүмкін, өйткені егде жастағы азаматтардың әлеуметтік белсенділігін арттыру өмір сүру сапасын жақсартады.

Сонымен қатар медицина, білім және ғылым салаларындағы зейнеткерлер — өз ісінің тәжірибелі, жоғары білікті мамандары. Оларды осы салаларға белсенді түрде тарту — еңбек нарығындағы кадр тапшылығын азайтып, келер ұрпаққа құнды тәжірибе қалдырудың тиімді жолы. Бұл тәсіл зейнеткерлер үшін де, қоғам үшін де үлкен пайда әкеледі, сондай-ақ олардың әлеуметтік белсенділігін сақтауға және кәсіби дағдыларын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Дінмұхаммед ҒАЛИ,  
э.ғ.к., профессор,  
Қолданбалы этносаяси  
зерттеулер институты  
Мониторингілеу орталығының  
директоры

ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОРЛЫҚ  
ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЛАДЫ

Елімізде қоршаған ортаға қатысты жүргізілген іс-шаралар мен акциялар өте маңызды. Өйткені олар қоғамды біріктіру арқылы болашақ ұрпақ үшін таза әрі сау орта қалыптастыруға үлес қосады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Қазақстан халқына Жолдауында «Таза Қазақстан» экологиялық маңызды жобасын іске асыруды тапсырған болатын. Басты мақсаты — еліміздің экологиялық мәдениетін дәріптеу, тазалықты жалпұлттық деңгейде дәстүрге айналдыру. Басым жауапкершілікті талап ететін акцияға барша қазақстандық жұмыла атсалысты.

«...Жыл бойы жүргізілген акцияға 2,4 миллион адам қатысты. Жүздеген мың аула мен аумақ тазартылып, 900 мың тоннадан аса қоқыс шығарылды. Шамамен 2,5 миллион көшет отырғызылды. 20 мыңнан аса әлеуметтік нысанның аумағы, 4,6 мыңнан аса қоғамдық орындар, саябақтар, шағын бақтар абаттандырылды. 5 мыңнан аса тарихи-мәдени нысан және 758 субұрпақ ретке келтірілді. Өзендер мен көлдердің және басқа да су айдындарының айналасындағы 5,8 миллион шаршы метрден аса аумақ, 8,4 миллион метрден аса арық тазартылды», — деп жазды Президент кеңесшісі, баспасөз хатшысы Берік Уәли «Егемен Қазақстан» газетіндегі мақаласында.

Экологиялық мәселені кеңірек насихаттаудың бірнеше жолын ұсынды жөн санаймын. Біріншіден, білім беру жүйесінде экологиялық тәрбие керек. Ерте жастан бастап экология ұғымын санаға енгізу шарт. Мәселен, оқушыларды табиғатқа шығарып, қоқыстың зиянын түсіндіріп, қоршаған ортаға жанашырлықты қалыптастыруға болады. Екіншіден, мемлекеттік және жеке сектор арасындағы тығыз ынтымақтастық та маңызды. Бизнесінің экологиялық жауапкершілігін арттыру, олардың таза технологияларға көшуіне жағдай жасау қажет-ақ. Сондай-ақ экологиялық таза өнімдерді тұтынуды ынталандыру экономиканың тұрақты дамуына әсер етер сөзсіз. Үшінші маңызды бөлік — қоғамдық ұйымдар мен еріктілер қозғалысының рөлі. Олар халықты түрлі шараларға қатысуға шақыра алады. Әсіресе, жастар арасында экологиялық акцияларды өткізу арқылы оларға табиғатқа деген қамқорлық сезімін оятуға болады. Төртіншіден, қалдықтарды қайта өңдеу мен саналы тұтынуды ұмыт қалдырмаған абзал. Елімізде соңғы жылдары пластик пен қоқысты өңдеу мәселесі өзекті. Экологиялық мәдениетті дамыту үшін адамдарды заттарды қайта пайдалануға және қайта өңдеуге үйрету керек. Бесіншіден, экология мәселесін адамдар түсіндіруде БАҚ қызметі де айрықша. Телевизия, радио, әлеуметтік желілер арқылы үгіт-насихат жұмыстары қоғамға кең ауқыммен таралады.

Таза қоршаған орта — халық денсаулығының кепілі. Әр адам өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарап, табиғатқа деген қамқорлықты өзінен бастаса, онда экологиялық проблемаларды да едәуір азайтуға болары сөзсіз.

Ақжан АКИМОВА,  
№17 мектептің 11-сынып оқушысы,  
Астана қаласы

# АБАЙ ЖОЛЫ

15 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» деп атаған Абайдың адамның кез келген мәселесіне жауабы дайын тұрады. Абайдың бүтін болмысын, шығармаларындағы философияны түсініп, ұрпаққа жеткізуді мақсат тұтқан ғалымдардың бірі – Сұлтан Ыбырай. «Абайды тану арқылы өзімізді, ұлттық болмысымызды тереңірек түсінеміз» деген ол Абайды оқудың өзіне дайындық керегін айтады. Бүгінде Абайды қандай дайындықпен оқып жүрміз? Абай айтқан бес дұшпаннан қаншалықты қашықпыз? Хакімнің асыл сөздерінің зерттелуі аяқталды ма? Абайтанушы Сұлтан Ыбыраймен өткен сұхбатымыз осындай сұрақтарға жауап іздеді.



Мұхтар Әуезов атап өткендей, Абайдың тәлім алған үш рухани бастауы бар:

- 1) Ұлттық: халық ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті;
- 2) Батыс-орыс;
- 3) Шығыс, мұсылмандық, араб-парсы.

Міне, осы үш бастаудан хабары бар адам Абайды түсіне оқыса хакімге сөзсіз жақындайды. Ал осы үш рухани бастауды білмеген, не шала білген адам Абайдан алыс тұрады. Орысша оқығандардың Абайды жете түсінбей жататындары осы үш бастауды білмеуінде жатса керек.

Бірақ Абайды оқу үшін де дайындық керек. XX ғасырдың басында да Абайды түсіну оңай болмаған. Ой тереңдігі, түсініксіз терминдер қиыншылық тудырған. Оны Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласында: «Сөзі аз, мағынасы көп, терен. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, түсініп, көбінің

теңіз, алып мұхит. Абайды таныған сайын, оның түбіне маржандарын алу үшін сүңгі беруің керек. Ал мен оның бетін ғана қалқыдым» деген. Біз Абайды әлемге танытамыз дейміз. Өкінішке қарай, өзіміз дұрыс тани алмай жатырмыз. Өзіміз дұрыс түсінбеген соң басқа тілге аударғанда мәнісі қашып кететіні сөзсіз. Орысшаға, одан басқа тілдерге қотарғанда мағына түпнұсқадан ажырап қалып жатады. Абайды орысшаға аударудың қиындығын Гераған (Бельгер) жақсы айтып кеткен. Абай аз сөзге көп мағына сыйғызғандықтан, сөзбе-сөз аударма мағынасын толық аша алмайды. Қосымша түсініктемелер керек.

Тағы бір айтатын мәселе, совет кезінде кейбір араб-парсы сөздері кириллшеге түсіргенде қате жазылып кеткен, сол қателер кейінгі басылымдарда сол қалпымен жүреді. Сосын сол қате сөздің өзіне түсінік берілген. Мысалы, «Кітап тасдиқтағы» «әбәди» деген сөз «әдаби» деп қате беріліп, «мәңгілік» деген ұғым «әдеби» болып тү-

**Сұлтан ЫБЫРАЙ, абайтанушы:**

## АБАЙДЫ ОҚУ ҮШІН

– Абай және Алаш. Алаштың абайтанушы Әлихан Бөкейханұлы екені белгілі. Дегенмен ұлы хакім мен алаштықтардың байланысы туралы айтқанда, ойға не оралады?

– Сәл ертеректе «Адам болуды Абайдан, мемлекет болуды Әлиханнан үйрену керек» деп айтқанбыз. Адам болу үшін өзі еркін болуы керек, еркіндікке ұмтылуы керек. Жалқаулығынан, жаман әдеттерінен құтылуы керек. «Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүйемектікпен өсер» дейді хакім.

«Абай бодандыққа, Ресей отаршылдығына қарсы күреспеді» деген пікірлер бар. Бұл Абайды үстірт оқығандардың пікірі, әсіресе 25-қара сөзді жете түсінбегендік. 25-қара сөз: ...«Және кейбір қазақтар ағайынымен араздасқанда: «Сенің осы қорлығыңа көнгенше, баламды солдатқа беріп, басыма шаш, аузыма мұрт қойып кетпесем бе!» деуші еді. Осындай жаман сөзді, Құдайдан қорықпай, пенделден ұялмай айтқан қазақтардың баласы оқығанмен не бола қойсын?». Хакім бұл айтылғандарды неге «жаман сөз», «Құдайдан қорықпай», «пенделден ұялмай» дейді? Өйткені «Басқа шаш, ауызға мұрт қою» шоқынғандықтың белгісі болатын, яғни қазақтың баласы оқыса да, шоқындып кететін болса, одан не қайыр деп отыр хакім.

«...Другой миссионер, Сергей (Петров), который в 1893г. описывает случай крещения молодого казаха Акына Джанталасова, жившего в Улбинской станице на Иртыше. «Любопытно, – пишет миссионер, – все желающие креститься начинают с того, что отращивают себе волосы, желая походить на русского. Так сделал и Акын Джанталасов. Родичи заметили эту ересь и насильно обрили ему голову: четыре человека держали его, а торгующий в Убинском татарин брил голову». [С.Е. Андриенко, История Преображенского стана Киргизской Духовной миссии], сосын сол 25-қара сөздегі: «Бұл жер «дәр ул харб» дегенге мән бермегендік, яғни «бұл жер – қазақ жері жауланған жер, еркіндік жоқ» деген мағынаны білдіреді. Ол бүгін «Дәр ул харб дәуірі» деген атен белгілі, яғни «бодандық дәуірдің» синонимі.

Ғылым-білімге ден қойып, тәуелсіздікке ұмтылу хакім мен алаштықтарды байланыстырып тұрған негізгі тұғыр.

Мұхтар Әуезов «Зар заман ақындары» деген еңбегінде жазған жалпылама ойы бұрынғы ақындар зарыменен бодандықты айтып көрсеткенімен, жырлағанымен одан шығудың анық жолын көрсете алмады. Ал Абайдың олардан айырмашылығы ғылым-

білімге жол сілтеді, өнер үйренуге шақырды сол арқылы еркіндікке жетуге болатынын түсіндірді.

Абайдың өзінен бір мысал, өзінің ұлы Әбдірахман Томбыға Технологиялық институтқа оқуға барып, қабылдайтын уақыттан кешігіп, содан кейін артиллериялық әскери училищеге түскен. Яғни, Абай өзгерісті өзінен, отбасынан бастаған.

Ескі жолмен жаңа заманда, XX ғасырда өркениет көшіне ілесу мүмкін емес екендігі айқын еді. Абайдың шапанының етегіне жармасып өскен, оның өлендерін оқып әсерленген Алаш арыстары ендігі күрес ғылым-білімді игеру, халықты жалпы сауаттандыру үшін мектептер, жоғары оқу орындарын ашу, кітаптар шығару, технология үйрету арқылы елге, жерге ие болуға, экономиканы дамытып, өзінің күштік құрылымдары бар, «жапон үлгісіндегі» ұлттық тілі, мәдениеті басым, әділеттілікке негізделген жаңа заманға сай мемлекет құру деген мақсат қойды.

Алаштықтардың ішінде әдебиетке қатысы барлардың қай-қайсы болмасын Абайға соқпай кеткені кемде-кем.

Тақыр жерге шөп шықпайтыны секілді, Абай болмаса, арман-мұрат, қарекет қылмаса алаштықтардың өсіп жетіліп, Алашорда үкіметін орнатып, одан бүгінгі Тәуелсіздікке жету мүмкін болмас еді. Бірақ қағаздағы саяси тәуелсіздік пен шынайы санадағы тәуелсіздік екі түрлі. Біз өкінішке қарай, әлі ел тәуелсіздігінің қадіріне жете қойған жоқпыз.

– **Айтыңызшы, Абайға қаншалық жақынбыз? Абайдан қаншалық алыспыз?**

– Жалпы бір адамға, не бір рухани көшбасшыға жақын болу үшін құндылықтар жүйесі ортақ болуы керек. Абайды жазба қазақ әдебиетінің, әдеби тілінің басында тұр десек бізді хакімге жақындататын негізгі құндылық тіл болмақшы. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы тасқа басылған қайталанбас қазақ өмірінің энциклопедиясы дейміз, яғни көркем шындыққа негізделген кешегі данқты көшпелі елдің тұрмысы, мәдениеті мен өнері қамтылған. «Біз қазақ кеше кім болып едік, қалай өмір сүріп едік?» деп ақылы кірген жас ұрпақ өз-өзіне сұрақ қойса, жауапты осы эпопеядан таппақшы, солай өзінің ұлттық тамырына жақындамақшы.



мағынасына жете алмай қалады. Көп сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғаны біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда» дейді. Бүгін жекелеген тұлғалар болмаса, көпшілік мен үшін Абайдан алыстап кеткендей көрінеді. Оның сөздерін афоризм қылып айтқанменен ол сөздерді бойымызға сіндіріп, мінезімізге айналдырмасақ, сылдыр сөз болып қала беретіні сөзсіз. Сонымен қатар бүгін көпшілік рухани байлықтар гөрі материалдық байлыққа, дүниеге көп көңіл бөледі, тағы бір мәселе қалың бұқараның ішінде жоқшылық, кедейлік те бар. Абайдың өз сөзімен айтсақ: «Жоқшылықтың адамды хайуандандырып жіберетіні де болады». 38-қара сөз.

– **«Абайды түсіну оңай болмаған» дейсіз. Жалпы, біз хакімнің қара сөздерін толық зерттеп-зерделеп біттік пе? Біз әр қара сөзіне тоқталғанда, нені ескеруіміз керек?**

– Хакімнің қара сөздерін толық зерттеп-зерделеп біттік деу – асығыс тұжырым. Мұхтар Әуезовтің өзі «Абай деген – терең

сіндірілген. Тағы бір жерде «залымдық» деген сөз «зальықтық» болып жүр. Тағы осындай мысалдар бар.

Сосын біз айтып жүрген 45 қара сөз емес, олардың түпнұсқада рет сандары басқа болған. Әуезов оны идеологиялық себептерге байланысты «Қара сөздер» деп ат беріп топтастырған. Бүгінгі рет санымен айтсақ, 27, 37, 38 және 45-қара сөздердің о баста қара сөздер топтамасында болмағанын көреміз. 27-яғни «Сократ хакімнің сөзі», жалпы қара сөздерден ерекшелігі диалогке құрылған, ғибратты көркем әңгіме ол Мүрсейітте бөлек көрсетілген. Әуезов оны «Абайдың түгел өз сөзі емес, аударма» (Сократтан) дейді. 37-қара сөз – қысқа афоризмдердің жиынтығы «Насихат» деген атпен ол да Мүрсейітте қара сөздерден бөлек тұр. 38-қара сөз «Кітап тасдик» ол белгілі. 45-қара сөз «Кітап тасдиктың» заңды жалғасы десек қателеспейміз. Сонда «Кітап ғақлия» қырық баптан (Абай өзі «бап» деп атаған) (қара сөзден) тұрады. Баптардың «қырық» болуы тілімізде қасиетті «қырық» сан ретінде жиі қолданылатынынан болуы мүмкін және имам Науаидің «Қырық хадис», имам Ғазалидің «Ихисасының» қырық тараудан болуы сияқты ежелгі қалыптасқан дәстүрлердің әсері болуы ғажап



# АБАЙ ЖОЛЫ

15 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

емес. Сондықтан кезінде Абай талай рет санымен жазды, сол түпнұсқаға көшкен абзал деп ойлаймыз.

– **Ойыңыз орынды, дегенмен біз кейде Абай өлеңдеріндегі кей сөздерді жадағай, үстірт ұғынып жатамыз. Оның (сөздердің) астарына үңілгенде, не байқаймыз?**

– Абай өлеңдерінде айнамайтын логика бар, ақиқат бар, бір сөзі екіншісіне қайшы келмейтін бір ізділік бар. Мысалы, «Сегіз аяқтағы» «Қиудан шауып, қисынын тауып, тағыны жетіп қайырған» деген жолдағы «Қиуа» немесе «Хиуа» сөзі, бүгінгі өзбектің Хиуа қаласына қатысы жоқ, «Қиядан шауып» кәдімгі қазақтың «қия» сөзі екені белгілі болып қанша жазылып, айтылса да, әншілер де, өлеңді оқышылар да «Қиудан» шаптыра береді.

«Сегіз аяқтан» тағы бір мысал, «Пайдасыз ақыл – байлаусыз тақыл». Әрине, «пайдасыз ақыл» түсінікті. «Байлаусыз тақылдың» «байлаусызы» анық та, «тақылдың» не екені түсініксіз болып, қисынға салып жорамалдағанмен де хакімнің не айтқысы келгенін анық басып айту қиын. Сонымен «пайдасыз ақылға» келсек, адам-

«тақылдың» астарында ешқандай ой жатпағандай көрінеді. Тұтас «Пайдасыз ақыл – байлаусыз тақыл» жолына көз жіберіп, анықтауыштардың антонимін қолдансақ «Пайдалы ақыл – байлаулы тақыл» болып шығады. Сонда «тақылдың» байлаушы қасиеті барлығын шамалай келе, ақыл айтып отырған адам, не ата-ана тәрбиеленушіні өзіне байлайды, ұқсатады, яғни өзі тақылеттес қылады. «Тақыл» «тақылетті» деген сөздің қысқартылған түрі. Он үшінші кара сөзінде хакім иманның екі түрін айтып отырып, біреуге ұқсап жеткен иманды иман тақлиди дейтінін жеткізеді. Бұдан келіп ұққанымыз, жүргізген тәрбиеміз, жасаған идеологиямыз «пайдасыз ақылға» негізделсе, онда бала дұрыс тәрбиеленбейді, ата-анасына ұқсамайды, атадан баланың ойы өзге болады, халық бірлікке ұйымайды, айтқанға жүрмейді. Ең бастысы, жақсылыққа шақырушы, «пайдалы ақыл айтушы» әуелі өзі «жақсы» болуы, үлгі көрсетуі шарт сонда ғана барып «пайдалы ақыл, байлаулы тақыл» болмақшы, сонда барып қана «сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деуге қақымыз болмақ. Сөз-

беру үшін, қоғамды ішкі тұтастыққа жеткізуге ұмтылу үшін сеніммен қоса ақыл керек, яғни философиялық пікір болмаса, сол философияны дамытқандардың, терең ойланғандардың ықпалына түссіз, сондай-ақ өз халқыңыздың жағдайы жөнінде терең ойланбасаңыз, ол жайында басқалар «ойлай» бастап, біздің проблемаларды шешкен болып, өз мүдделерін түгендей бастайды.

Қазіргі тығырыққа тірелген қазақ қоғамына да дұрыс бағытта даму үшін үлгі-парадигма ретінде бір үлкен идеяға сұраныс тұр. Біз ол идеяны дамыған батыс пен шығыстан іздейміз, отыз жылдан аса тәуелсіз деп аталатын кейінгі тарихымызда кімнің шапанын иығымызға жамылып, кімнің бөрігін басымызға киіп көрмедік, кебісіне де жабыстық, ол тек біреудің батысшылы, екінші біреудің шығысшылы болуына, тағы біреулер маргиналданып шетін жолға түсуіне, енді бірінші қарабайырланып орта ғасырға бет бұруына басқа да көптеген «-шылдар» мен «құлдықтарға» әкелді, нәтижесінде ұлттың бірлігіне нұқсан келді, бодандықтан жойылуға шақ

қарасақ, ақылы бар адамға ғана тиесілі, өзіне де, адамзатқа да әр салада пайда келтіретін, руханиятты байытатын адамның іс-қимыл, қарекетімен жасалатын туындыны «өнер» деген. Бұл жерде Әлихан ғалым ретінде «өнер» деп технологияны айтып отыр. Ал технология – оқу-ғылымның туындысы. Бірақ оқу-ғылым жақсы болғанымен одан мінез түзелмейтіндігін айтып отыр Алаш арыстаны. Сонда Еуропаның хайуандығы неде? Бізде бар, оларда жоқ не бар? Табиғатпен біте қайнасақ, тіпті көк шөпті босқа баспаған, қасқыр тұрмақ құмырсқаны босқа өлтірмеген, үйге кірген жыланға да тиіспей, басына сүт құйып үйден шығарған көшпелі бабаларымыз ақылымен де, күшімен де ғасырлар бойы әлемді мойындатқан, сөйте тұра жесірін жалғызсыратпай, жетімін жарылқаған, жеріне жауды жолатпаған, әділдігі мен мейірімділігі қоса жүрген мінезі – ұлттың негізгі құндылығы бар еді. Кейінгі ғасырларда, бодандық уақытта әртүрлі соғыстар мен аштықтарда халықтың жақсы мен жайсаны күресем, құтқарам деп бірінші қырылды, содан келесі ұрпақ нашарлап, яғни кері селекция жүрді. Қырылып азайған, тағдыр тепкісінен, жоқшылықтан өткен сол ұрпақ кешегі мінезінен, басты құндылығынан айырылып, басқаның құндылығына қызыға қарай бастап, әрі сол технология тұрмысты жеңілдеткендіктен, ал болмыс сананы билегендіктен, олардың технологиясымен қоса хайуандығын да құндылық ретінде қабылдап, өзгеріске ұшырап жатырмыз. Тәрбие кетіп, дәстүрді тастауымыз мұң екен, қызымыз некесіз туып, баласын дәретханаға тастады, ұлымыз қолына мылтық алып өзі хайуаннан асып, тірі жануар қалдырмай қыра бастады, гейлер мен лесбияндар шықты. Бауырмалдық жоғалып, ағайынның араласуы тоқтады, бір-біріне қарайласуды қойды, ажырасу, жүкті әйел баласын алғызып тастау нормаға айналды, толеранттылық деп тоғышарлыққа, жөнсіздікке төзу, адам құқы деп үлкенді, тіпті әке-шешесін сыйлау жайына қалды.

Абай «Адам кім?» деп сұрақ қойған. Тән мен жан. Жанға көңіл бөлу керек екенін, «Сыртқа (тәнге) қасиет бітпейтінін» айтқан. Бүгін біз де «Адам кім?» деген сұрақ қойып, Абайдың өзі жазып кеткен ілімін қолға алып, дамытып, ұрпақ тәрбиелеуді түсінуіміз керек. Өзін тану, дүниені тану, Алланы тануды үйрету, адамгершілігіне зиян келтірмей пайда табуды, өз басына деген зияннан қашуды үйретуді ұлттық мектептерде мектеп, бала бақашада енгізіп, жолға қою – біз үшін ізгі мақсатың ең негізгісі.

– **Абайтанушылар қауымына не айтар едіңіз?**

– Бүгінгі абайтанушылар жаңа технологияларды меңгеріп, көпшілікке жеткізудің цифрлық заманға сай әдістерін пайдалануы керек. Кітап оқу емес, TikTok заманында Абайға жақынбыз деп айту қиын. Сондықтан бүгінгі абайтанушылар да жаңа технологияларды меңгеріп, көпшілікке жеткізудің цифрлық заманға сай әдістерін пайдалануы керек.

– **Абайдың 180 жылдығында не мәселе баса ескерілуі керек?**

– Әдеттегідей ас ішіп, аяқ босатып той тойлау емес, ақын шығармаларын әртүрлі форматта шығару, шынайы насихаттау, әрбір идеясына қысқаша фильмдер түсіру, шет тілдеріне сапалы аударуды ұйымдастыру, оқу орындарында оқушы, студенттерге идеяларының маңызын жеткізу сияқты шаралар ұйымдастырылуы керек.

– **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан  
Гүлзина БЕКТАС

## ДАЙЫНДЫҚ КЕРЕК



Әсел БАЙТАҚЫЗЫ (қолжазба)

ның ақылы қалай жұмыс істейді дегенде, имам Ғазали ақылға сезім мүшелері әсер ететінін, солар арқылы келген ақпарат негізінде ақыл шешім шығаратынын жеткізеді, хакім Абай да «Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүйемектікпен өсер» дейді осы қисынға қарап, жамандық сүйгеннің ақылы ортаятқынын топшылауға болады. Сонда «пайдалы ақыл» адамды жақсылықты сүюге мүдделендірсе керек, содан ол ақылды алған адам да жақсы болып тәрбиеленеді, «есті», «көргенді» болмақ, яғни сапалы өзгеріске ұшырамақ, ал «пайдасыз ақыл» көргені жоқ «көргенсіз» болып, адамның табиғаты сол қалпында қалып, мінезі өзгеріссіз қалмақ. «Көргенді» болу ата-анасынан, ұстазынан, өскен ортасынан дейді хакім. Бұл қарапайым отбасындағы тәрбие мен мемлекеттің үлкен идеологиясына да қатысты тақырып. Бір отбасының тәрбиесі дұрыс болып, баланың дұрыс адам болуы немесе бір мемлекеттің дұрыс идеологиясы елдің дамуына, бірлігіне әсер етуі заңдылық. Ал енді ата-ананың айтқан сөзінде немесе мемлекеттің идеологиясында «пайдасыз ақыл» болса кемшілік сол ата-анада, мемлекеттік саясатта болса керек. Енді «байлаусыз тақылға» келейік. Бір қарғанда хакім ақын ретінде ұйқас қуып кеткендей көрініп,

бен айтылған ақылына істеген ісі келіспей жатса ол да «пайдасыз ақыл», «байлаулы тақылға» бастай алмайды. ... Пайдасыз ақыл – байлаусыз тақыл, Атадан бала ойы өзге. Санасыз, ойсыз жарым ес, Өз ойында ар емес... Хакімнің «пайдалы ақылына» еріп, «тақылына байлана» білсек, «ақыл бірлігіне» жетіп «хакім ата» мен бүгінгі ұрпақтың ойы бірге болып, алға басамыз ба деген үміт алға жетелейді. Осы іспетті хакімнің жай бір сөзінің өзі түп-тамыры тереңде бойлап кете береді.

– **Абай ілімі деген қазақ ілімі емес пе? Бүкіл дүние өзгерді. Қазақ өзгерді ме?**

– Абайдан қалған ілім – бүгінгі қазақ қоғамы ұмтылатын үлгі. Бүгін байқайтынмыздай, біздің қоғамдағы адамдық жақсы сапа – оқыған шынайы зиялыларда, не озық ұлттық дәстүр немесе түзу дін ұстағандар сияқты сенімі мықты жекелеген адамдарда ғана қалып, көпшілік тобыр мәдениеттің ықпалына түсті. Жаһанданудан келіп шығатын дамыған бай, қуатты елдердің – бүгінгі империялардың тарапынан болатын саяси-экономикалық, идеологиялық шабуылдарға төтеп беру үшін жалғыз сенім жеткіліксіз екендігі білінді, сенімі мықты жеке адам өзін, отбасын құтқаруы мүмкін бірақ көпшіліктің, елдің сыртқы күштердің шабуылына төтеп

қалған елдік құндылықтар одан сайын құлдырады. Біздің осындай болғанымызға «рушылдар», «жершілдер», «орысқұлдар», «арабқұлдар», «қытайқұлдар», «мәмбеттер» т.б. кінәлі болды. Біздің осылай бөлінуімізге сыртқы күштердің ықпалы бар екенін жоққа шығаруға болмас, дегенмен біз бәріміз өзіміздің ортақ кемшілігімізді таппай, бір-бірімізді кінәлаумен келеміз. Проблеманы тұтас көре алмай, бір бөлігін ғана байқап, біз ең бастысы өзіміздің қазіргі жағдайымызды дұрыс сараптап, бағасын бере алмай отырмыз. Соның салдарынан біз бәріміз сол Абай айтқан қиянатшы «жарым адам» қоғамында өмір сүруге мәжбүр болып отырмыз. Бір жақсысы, біздің бұл ортақ кемшілігімізді алтын хакім 120 жыл бұрын көрсетіп қойған: «Бұл қиянатшылар жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман» (Ғақлиат тасдиқат, Ғ.Т.) «Жарым» деп хакім адамгершіліктің жартыкештігін, адамдық қасиеттің шалалығын айтып отыр. Сол қасиетсіздіктен қоғамдағы қиянат бастау алады. «Сегіз аяқтағы» «Үш-төрт жылғы әдетін, Өзіңе болар жендетін» дегендей, сол жаман әдеттеріміз қисық мінез болып қалыптасып, өзімізге жау болып отыр.

Енді артымызға бұрылып, қоржын ақтарып, дұрыс дамуымызға негіз болатын идея іздесек, өзімізде іске жарайтын не бар еді деп ой толғасақ және жалпы ондай талпыныстар болып па еді деп кейінге көз жіберсек, Алаш арыстары бірінші еске түседі, ал олардың бастауы неден басталып еді десек алтын хакімге келіп тірелеміз. Абайдан нені аламыз дегенде «толық адам» идеясы алдымыздан шығады, «жарым адам» қоғамын «толық адам» еліне айналдыру мақсаты көрінеді.

– **Ұлт өзгерісі ұрпаққа қалай әсер етеді? Адам мен бала тәрбиесі туралы Абайдың айтқандарына не қосасыз?**

– «Еуропа мәдениетімізін деп мақтанғанымен, мәдениеті өнерінде ғана, ал мінезі хайуандық сапарынан қайтқан жоқ» деген Әлихан Бөкейханның айтқаны бар.

Біреу ғасыр бұрын «өнер» деген сөздің мағынасы кең еді, кейін тілімізге «мәдениет» сөзі енгенде «мәдениет пен өнер» қатар айтыла келе, бүгін өнерді тек «музыка» деп түсіну қалыптаса бастады. «Жігітке жетпіс өнер де аз» деген мақалға

## АЛАҢ

15 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

Педагогтің ізденісі мен оқуы диплом алып, маман атанғаннан кейін де аяқталмайды. Біліктілік үшін жанталас жұмысқа орналасқаннан соң да жалғасады. Қазір әлеуметтік желіде «мұғалімдерге портфолио жасаймыз», «аттестацияға жарамды сертификат береміз», «шетелдік конференцияға апарамыз» сияқты жарнамалар саңырауқұлақша қаптап жүр. «Министрлікпен тығыз байланыстамыз» деген кейбір компания оқытушылардың ақшасын алып, сан соқтырып та кеткен. Жалпы, ұстаздар неге осындай аты бар, заты жоқ ұйымдарға жиі алданады? Алаяқтықтың артында кімдер тұр?

Осыдан екі жыл бұрын Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев мұғалімдерді аттестаттау, портфолио жинау мәселесі қайта қаралатынын айтқан еді. Себебі аттестацияның бірінші кезеңі, тестілеуден өткен ұстаз портфолио жинауға келгенде сүрінеді. Ондаған жыл еңбек өтілі бар мұғалімдер үшін біліктілігін бір жапырақ сертификатпен дәлелдеу біршама пікірталас тудырды.

— Бұдан былай мұғалімдерді тестілеу, аттестаттау, әуреге салып портфолио жинау мәселесі қайта қарастырылады. Биылдан бастап мұғалімдер бірінші кезекте өзінің санатын дәлелдеу үшін ешқандай портфолио жинаумен айналыспайтын болады. Өйткені бұл да — жемқорлыққа итермелейтін дүниелер. Ананың туыстары барып жалған сертификат алып алады екен, мынаның туыстары барып орден, медаль барып алады екен. Сөйтіп, ақша төлеп оларды жинайды. Ал ол ешкімге керек емес, — деді Ғани Бейсембаев.

Министрдің айтуынша, аттестация — мұғалімнің жетістігі емес, мұғалімнің табысы оқушының жетістігі арқылы бағалануы керек. Екіншіден, мұғалім қалай сертификат аламын демей, оқушының білімімен айналысуы қажет. Ал министрлік оқушысы жетістікке жеткен мұғалімдерді сырттай

## АҚШ-қа БАРАМЫЗ ДЕП АЛДАНҒАН

Жақында Qazsaq media group атымен танымал компания Америкада конференция өткіземіз деп ұстаздардың ақшасын алып, алдап кеткен. Әлеуметтік желіде бұл компанияның жарнамасы жер жарып тұр. Астаналық оқытушы Қарлығаш Дюсупбаева осыдан 8 ай бұрын инстаграмдағы жарнаманың құрығына түскен.

— «Білімдегі жасанды ителлект пен инновациялық әдістер» деген конференцияға қатысуға шақырды. Тіл маманы болсам да оңбай алдандым. Себебі жұмыс істеу жүйелері керемет жасалған. Тақырыбымды қарап, екі-үш күннен кейін жауап берді. Бірінші тақырып бойынша абстракт сұрады, одан кейін презентация талаптарын жіберді. Бәрі академиялық жазылымға сай. Содан «сіздің тақырыбыңыз қабылданды, тездетіп құжаттарыңыз бен ақшаңызды жіберіңіз» деді. Сондай-ақ «біз оқытушылар мен мұғалімдерден құралған бірлестікпіз, бізге семинар өткізе аласыз ба?» деп те сұрады. Содан паракшаларын қарадым, көптеген таныс әріптестер тіркеліпті. Телефонмен сөйлесіп, ақшаны 100% төлеп, визаны күттім, — дейді Қарлығаш Дюсупбаева.

АЛДАНҒАН  
АРБАҒАН

**Мичиган университетіне конференцияға барамыз деп алданған оқытушылар саны қазір – 13. Олар – әр өңірден. Бірі Алматыда болса, енді бірі – Шымкентте. Ақшасын қайтара алмаған ұстаздар ортақ чат та ашыпты.**

«Qazsaq Media Ғылым және жоғары білім министрі және Оқу-ағарту министрлігімен тығыз байланыста» деп сендірген.

Біз атышулы компанияның ресми сайтына кіріп көрдік. Портфолио толықтыру прайсын 2020 жылы ашық жариялапты. Стандарт пакет 5 500 теңге, ультра

болады. Компанияның китүрқылықтары мұнымен таусылған жоқ. Qazsaq Media Group ЖШС мен Еуразиялық Педагогтер одағының негізін қалаушы Медина Рей мен Диана Абдукаримова фамилиясын әртүрлі көрсеткенімен екеуі де Нимаджанқызы. Яғни, бір үйдің балалары. Мичиган университетіне конференцияға барамыз деп алданған оқытушылар саны қазір – 13. Олар – әр өңірден. Бірі Алматыда болса, енді бірі – Шымкентте. Ақшасын қайтара алмаған ұстаздар ортақ чат та ашыпты.

— Мен инстаграмдағы жарнамадан Нью Йоркта Халықаралық конференция өтетінін көріп, Qazsaq Media Group-қа байланысқа шықтым. Басында бағасы бір адамға 900 мың теңге еді. Кейін баламмен баратындықтан 2 миллион 800 мың теңгені несиеге алып, конференцияға төледім. Бұл қаржыға виза қызметі, конференцияға қатысу, халықаралық деңгейдегі сертификат, екі жакка авиабилеттер, қонақүй, медициналық сақтандыру кірді, — дейді алданған ұстаз Дариға Абденова.

Оның айтуынша, конференция былтыр шілде, тамыз, қазан айларында өтуі керек еді. Бірақ тек шілде айындағы топ қана барыпты. Барғандардың да шағымы көп. Ұйымдастырушылар уәде берген талаптарды орындамаған. Мұғалімдер тіпті ондай конференцияға қатыспапты.

— Бастапқыда төлемді толық жасатып алды. Кейін біз визадан өтпей қалғанымызды естідік. Сонда да олар визаның, салықтың, конференция шақыруының ақшасы деп менен 600 мың ұстап қалып, қалғанын бес айда қайтарамыз деген. Бірақ олар екі айын қайтарды да, қалған айларды қайтармай отыр. Кейбір ұстаздар бір тиынын да қайтара алмады. Мені



бақылау арқылы автоматты түрде оның категориясын өзі әкеп беруге тиіс еді. Алайда екі жыл өтсе де, аттестациялауда оң өзгеріс болған жоқ. «Баяғы жартас» сол күйінде. Білім беру саласында қызмет ететін 500 мыңнан астам педагог біліктілік арттыру курстарына қатысып, сертификатын түгендеп әлек болып жүр.

Алайда алаяқ компания оқытушыларға қырық өтірік айтып, уақыт соза береді. Тіпті, оқытушының құжаттарын визаға да өткізбеген. Оның айтуынша, конференция 28 шілде мен 4 тамыз аралығында болуы керек еді. Бірақ ондай конференция атымен жоқ болып шыққан. Содан алданғанын сезіп ақшасын талап етеді. Алайда компания директоры Диана Абдукадирова

пакет 16 600 теңге деп көрсетілген. Мұның ішіне сертификат, халықаралық диплом, алғысхат, сайтқа сабақ жариялау кіреді екен. «Оқу-ағарту министрі және Qazsaq басшыларының кездесуі өтті» деп министр Ғани Бейсембаевпен түскен суреттерін де сайттарының басты бетіне жариялапты. Дегенмен суреттің фотошоппен жасалғанын бірден байқауға

## АЛАҢ

15 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

мазалайтыны — біздің визамыз шықпай тұрып, неге ұйымдастырушылар берген ақшамызды ұстап тастайды? Қолымызда сөйлескен жазбаларымыз, тікелей Дианаға жіберген ақшаның чегі бар, — дейді мұғалім.

Біз Медина Рейге де хабарласып, мәселенің анығын білуге тырыстық. Алайда ол нарықта 8 жыл бойы жұмыс істеп келе жатқандарын, бүгінге дейін әлемнің әртүрлі елдерінде 20-дан астам конференция ұйымдастырып, 1 000 мұғалімді заманауи технологияларға үйреткендерін алға тартты.

— Мұның бәрі мемлекет тарапынан ешқандай қолдаусыз жүзеге асты. 2024 жылы компаниямыз кейбір сенімсіз қызметкерлердің кесірінен қиын жағдайға тап болды. Сату бөлімінің басшысы өз тобымен бірге біздің конференцияларды



# «АҒАРТУШЫ», АЛАЯҚ КӨП



негізсіз мұғалімдерге сатқан. Нәтижесінде, ақша үшінші тарапқа түсіп отырған. Осының салдарынан біздің компания үлкен шығынға ұшырады. Ал конференцияға ақша төлеген мұғалімдер біз тіпті көрмеген қаражатты қайтаруды талап етіп отыр, — деді Медина Рей.

Сондай-ақ оның айтуынша, АҚШ конференциясына шілде айында мұғалімдерді алып барғанда, Нью-Йоркте ешқандай конференция жоспарланбағаны белгілі болған. Осылайша, олар алаяқ серіктестеріне алданып қалыпты-мыс.

## АЛАЯҚТАР ЗАҢДЫ АТТАП ҮЙРЕНГЕН

Заңгер Әлімжан Жұбатқановтың айтуынша, алданған мұғалімдер ақшасын сотпен қайтарып ала алады. Ол үшін олардың қолында жауапкердің ЖСН нөмірі, мекенжайы, байланыс нөмірі болуы керек. Бірақ ондай алаяқтар өз аттарына үй де, машина да тіркемейді. Сот шешімі шықса, олардың банктегі есепшоттары бұғатталып, шетелге шығуына тыйым салынады.

Алаяқтың қылмыстық кодекстің 190-бабы деп көрсетілген, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімге

теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену ірі мөлшерде, адамдар тобының алдын ала сөз байланысуымен, ақпараттық жүйені пайдаланушының алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен жасалса мүлкі тәркіленіп, белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырыла отырып, 3 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады. Егер де қылмыстық топ әрі аса ірі мөлшерде жасалса, 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

— Білім саласындағыларға арналған байқаулар мен конференциялардың жарнамасына мұғалімдердің алданып қалып жатқаны рас. Оқу семинардың бағдарламасын, келісімшартын ұстаздарға жіберіп, «сертификат береміз» деп сенімдеріне кіреді. Ондай ұйымдар өз мекенжайларын ірі қалалардың картасынан көрсетіп қояды. Бірақ мұғалімдер ол жерге барып қараса, ондай ұйымды таппайды. Ал байқауды ұйымдастырғандар телефондарын өшіріп, қашып жүреді. Міне, осындай оқиға алаяқтық белгілеріне жатады, — дейді заңгер.

Ал мұғалімдер құқық қорғау органдарына арыз жазса, бұл азаматтық тәртіп

бойынша қаралады. Себебі оқытушы мен ұйым арасында келісімшарт, ақша аудару туралы анықтама бар. Бірақ көп жағдайда тергеу органдары «мына істі қарауға негіз жоқ. Ортада келісімшарттары бар» деп басын ауыртпай, істі қайтарып жібереді.

— Мұндай оқиға көп. Мұғалімдерді шетелде оқытамыз, біліктілігін арттырамыз дейтін алаяқтар жалған келісімшарт жасаса, сот тергеушілерінің қабылдамайтынын, мекенжайларын таба алмайтынын біліп алған. Сыпайы түрде, мұндай адамдарды сот процесінің барлық кырсырын біліп алған алаяқтар деп айтсақ болады. Басында сөйлескенде мұғалімдердің сеніміне кіріп алады да, соңында ақшасын да қайтармай, сертификатын да бермей кетеді. Тергеу ісінің тоқтағанын білгеннен кейін жәбірленуші заңгер жалдап, сотқа беріп, оның нәтижесін бірнеше ай күтуге ерінеді де көп істі аяқсыз қалдырады, — дейді адвокат.

Әлімжан Жұбатқановтың пікірінше, Ішкі істер министрлігі, Прокуратура мұндай іске мән беріп қарауы керек. Егер

болғандықтан, ұсыныстар да толастамайтыны анық. Сертификат сатып, курс өткізуді бизнеске айналдырғалы да ұзақ жыл болды. 2020 жылы Оқу ағарту министрлігі жемқорлықтың алдын алу үшін сенімді курс тізімін №95 бұйрықта бекітті. Тіпті, сертификаттың жарамды яки жарамсыз екенін Ұлттық білім беру деректер базасынан да тексеруге болады.

— Мұғалімдердің уатсап топтарында жеке ұйымдардың байқауға, конференцияларға шақырған жарнамалары толып жүр. Олардың заңсыз екенін біле тұра құзырлы органдардың ондай жарнамаға неге тыйым салмайтынын түсінбеймін. Тіпті, 2020 жылы квалификацияға жарамды алғысхаттар мен сертификаттардың тізімі министрлікпен арнайы бекітілген, — дейді білім сарапшысы Өмір Шыныбекұлы.

Сонда да бұл тізімде жоқ байқауларға мұғалімдер қатысуын қояр емес. Бұл — ең бірінші, ұстаздардың сауатсыздығы.

**Алаяқтар оқытушыларды алдауды басынан бастап жоспарлаған, ниеттері де алдауға бағытталған. Сондықтан қылмысқа алдын ала дайындалғандықтан мұндай істі Азаматтық тәртіппен қарау жеткіліксіз.**

алаяқтар бір рет болсын заң алдында жазаланса, білім саласында күмәнді байқаулар мен семинарлар болмаушы еді. Азаматтық тәртіппен қаралғаннан кейін осындай алаяқтық істер соңына дейін тергелмей жатыр. Алаяқтар оқытушыларды алдауды басынан бастап жоспарлаған, ниеттері де алдауға бағытталған. Сондықтан қылмысқа алдын ала дайындалғандықтан мұндай істі Азаматтық тәртіппен қарау жеткіліксіз. Алданған мұғалімдер арыз жазса, алаяқ ұйымдарды жалған жарнамасы үшін, алаяқтығы үшін бірнеше баппен жазалауға болар еді. Айта кету керек, «Жарнама туралы» заңның 20-бабына сәйкес жарнама таратушы заң талаптарын сақтамағаны үшін әкімшілік, қылмыстық жауапкершіліктер көзделген.

## БЕКІТІЛГЕН ТІЗІМГЕ МӘН БЕРМЕЙДІ

Педагогтер тарапынан сертификат алып, портфолио жинауға сұраныс көп

— Мен — Шымкент қаласында ашылған жайлы мектептің бірінде маман қабылдау комиссиясының төрағасымын. Сол оқу орнына құжат тапсырғандар арасында жарамсыз сертификаттар мен алғысхат өткізгендер өте көп. Тіпті, директордың орынбасарлығына өзін ұсынған педагогтер де осы кәсіпті қайталап, комиссия мүшелерінің уақытын алып отыр. Бұл мәселені құзырлы органдар қолға алмаса үлкен мәселеге айналатыны анық, — дейді Өмір Шыныбекұлы.

Айта кету керек, бірнеше жыл бұрын «Ұлт ұстазы» деген атақты бар болғаны 10 мың теңгеге сатып алған мұғалімдердің сертификаты ғаламтор бетін шарлап кеткен еді. Арзан атақ тарататын алаяқ ұйымдардың аяғына тұсау салатын, сертификат алу мұғалім үшін армен ұяттан биік тұртатын күннің қашан туары бәрімізге белгісіз.

**Көктем ҚАРҚЫН**

15 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

Дүние жаралғалы адамзат ізгі қоғамды іздеумен келеді. Көнеден көш тартқан аңыз-әсаналар мен ертегілер, шежіре-дастандардың барлығының түп негізінде осы идеалды қоғамды суреттейді, соған үндейді. Өзгелерді айтпағанда, өзіміз оқып-тоқып өскен Қорқыттың «мәңгілік мекенді» іздеуі, Асан қайғының Желмаяға мініп, жиһан кезіп, «Жерұйық» дейтін ну орманды, көкорай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздеуі секілді аңыздың астарында да байлық пен ырыстың, бақ пен берекенің, азаттықтың, бақыттың мекеніне деген ұмтылыс жатыр. Сонымен, адамзат бұл игілікке қайтсе қол жеткізеді? Әлде бұл құр утопия ғана ма?

## А Наурызбек САРША

### ІЗГІ ҚОҒАМ – АДАМЗАТТЫҢ ЕЖЕЛДЕН БЕРГІ АРМАНЫ

Діни әфсаналарда «осы дүниеде жақсылық жасасаң, о дүниеде қызығын көресің» деген идеяны тұспалдайтыны жасырын емес. Десек те, жоғарыда айтқан Қорқыт пен Асан қайғының мысалдары жұмақты бұл дүниеден іздегенін байқаймыз. Белгілі қазақ фольклортанушысы С.Қасқабасов: «Мұсылман мифологиясындағы жұмақтың сипаты фольклордағы Жерұйық немесе бақытты арал сияқты. Онда, яғни жұмақта адам рақат ғұмыр кешеді. Бірақ қоғам мен сана дамып, болмыстың қайшылығы, өмірдің қиындығы өскен сайын адам баласы енді сол жұмақты енді жер бетінен іздей бастайды, ол рақат өмірді өлгеннен кейін емес, тірі кезінде көргісі келеді...», – дейді. Ақын Жанат Әскербекқызы: «Асан Қайғы туралы баяндарда барынша реалды өмірге жақындаған Жерұйық – әу бастағы Рухани тұрақ. Жоғарыда айтқанымыздай, мифтік танымның трансформациясы нәтижесінде адам баласы тірідей көре алатын қоныс Жерұйыққа айналады. Түркілер дүниетанымдағы ғажайып мекен қазақ әпсаналарында «Жерұйық», «Өтүкен», «Үш қиян», «Сарыарқа», «Жиделі-Байсын» сипатында көрініс береді. Бұл мекендер құтты қоныс болумен қатар елдікті, егемендікті, киелілікті танытатын символдық атауларға айналған. Жерұйық ұғымына түркілік танымдағы тәуелсіздік тығыз байланыстырылады. Рух мәңгі тұрақ табар мекен, яғни адамзат баласы үшін мәңгілік тұрақ мифтік танымда ғажайып мекен ретінде сипатталады» дей келе: «Геракл, Пелей, Ахилл, Кадм, сондай-ақ бейбіт ниетті титандар осы мекенде. Ешкім егін екпесе де мол өнім алады. Ауру, қайғы деген атымен жок. Түркілердің Жерұйығы да халық танымда еш уайым, қайғысыз, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған жер». Шотландтардың эльфтер мекен ететін аралы да осыған ұқсас сипатта», – дейді. Демек, әуелден «жұмақты» жердің астынан емес, жердің бетінен іздеген адамзаттың әрекеттері бүгінге дейін жалғасып келеді деуге негіз бар. Оған ертедегі философтардан бастап бүгінгі идеялогтарға дейінгі тарих куә. Осылайша, «Жақсы әлемді құру» әрекеті әлі күнге жалғасып келеді. Әрбір мәдениетте бұл тақырып әртүрлі жолмен көрініс тапты. Мәселен, Платон «Республика» шығармасында идеалды қоғамды сипаттап, қоғамды билеушілер, қорғанушылар және жұмысшылар деген үш негізгі тапқа бөледі. Платон бұл қоғамның әділ әрі тең болатынын айтады. Билеушілер – философтар, олар халықтың игілігі үшін басшылық етеді. Қорғанушылар өз елін қорғайды, ал жұмысшылар қоғамның басқа қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Платонның ойынша, бұл қоғамның әрбір мүшесі өз рөлін дұрыс орындап, жақсы өмір сүру үшін идеалды тәртіп орнатылуы тиіс.

# ЖЕРДЕГІ ЖҰМАҚ ҚАЙДА БАР?



Осылайша, ол қоғамның қалай ұйымдастырылуы керек, әділеттілік дегеніміз не және адамның өміріндегі ең жақсы өмір салты қандай болу керек деген мәселелерді терең талқылап, маңызды философиялық тұжырымдамалар ұсынды.

Ал әл-Фараби философиясындағы негізгі еңбектерінің бірі саналған «Қайырымды қала тұрғындарында» идеалды қоғамның сипаттамасын келтіріп, бұл қаланы құдайлық заңдар мен ақыға негізделген мемлекет ретінде сипаттайды. Ол бұл қоғамды интеллектуалды және этикалық тұрғыдан жетілген, толыққанды адамды тәрбиелеуге бағытталған деп түсіндіреді. Мұнда әр адам өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін қоғамның игілігі үшін жұмсайды.

1516 жылы Томас Мор «Утопия» атты еңбегін жариялайды. Мор өз кітабында идеалды қоғамның бейнесін ұсынады. Ол «Утопия» аралының қоғамын сипаттай отырып, жекеменшіктің болмауын, теңдікті, әділеттілікті және білімге деген ерекше құндылықты алға тартады. Бұл жұмыс қоғамның жетіспеушіліктері мен әділетсіздіктеріне қарсы күрес ретінде дүниеге келген. Адамдар бір-біріне көмектесіп, жеке мүдделерден жоғары тұратын ортақ игілікті көздейді. Ал XIX ғасырда Карл Маркс пен Фридрих Энгельс «коммунизм» идеясын ұсынды. Олар қоғамда таптық бөлініс пен әділетсіздіктердің болуына қарсы шықты және барлық адамның тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері бар қоғамды құруды мақсат етіп, коммунистік қоғамда жекеменшік болмайтынын, өндіріс құралдары халықтың қолында болатынын және әділ әлеуметтік құрылым орнатылатынын болжады. Бұдан кейін XX ғасырда Кеңес Одағында коммунистік идеялар негізінде жаңа, әділетті және тең қоғам құру әрекеті көрініс тапты. Кеңес үкіметі өз идеологиясында әлемді социалистік негізде өзгертуге және «жақсы әлем» орнатуға ұмтылды. Бірақ бұл процестің барысында көп қателік болып, адам құқықтары бұзылды, соның нәтижесінде бұл «жақсы әлем» идеясы сынға ұшырады.

Ал бүгінде дүние дидары демократияның даму жолы мен адам құқықтарына басымдық беріп келеді. Мысалы, азаматтық құқықтар қозғалысы АҚШ-та, әйелдердің дауыс беру құқығы үшін күрес, нәсілшілдікке қарсы қозғалыстар және басқа да әлеуметтік рефор-

малар қоғамның әділ әрі тең болуына ұмтылды. Десек те, бұл идеалистік тұжырымдамалар қоғамның дамуындағы үлкен қадамдарды көрсеткенімен, оларды жүзеге асыру барысында қиындықтар мен күрделі мәселелер тап болды. Осы ретте Уинстон Черчилльдің «Демократия керемет дей алмаймын, бірақ адамзат одан асқан дәнеңе ойлап тапқан жоқ» деген атақты сөзі еске түседі.

### «ОРТАҚ» ПЕН «МЕНШІК» – ЫМЫРАСЫЗ ҚОС ҰҒЫМ

Біз жоғарыда келтірген мысалдың барлығы дерлік ортақ пен меншіктің арасындағы дау-дамайдан туындады деуге негіз бар. Мәселен, ойшыл Аристотель жекеменшікті қоғамның негізі деп санады, бірақ ол жекеменшік адамдардың өздеріне ғана емес, қоғамның игілігіне қызмет етуі керек деп түсіндірген. Оның пікірінше, жекеменшік қоғамда әділеттілік пен тәртіпті сақтау үшін маңызды, бірақ ол өз мақсатын асыра пайдаланбауы керек деп түсіндірсе, Платон өзінің «Республика» шығармасында қоғамның ортақ меншік принциптерін ұсынады. Ол философтарды, жауынгерлерді және шаруаларды қоғамның негізгі топтары ретінде сипаттай отырып, олардың ортақ меншікті иеленуі керек деп тұжырымдайды. Рене Декарт және Жан-Жак Руссо сияқты философтар болса жекеменшікті әлеуметтік келісімдер мен құқықтарға негізделген ұғым ретінде қарастырды. Олар әлеуметтік шарттың негізінде жекеменшік әлеуметтік реттеудің бір бөлігі болуы керек деп есептеді.

## Түйін:

Ұлы гуманист Махатма Ганди: «...Адамзатқа жойқын залал келтіруі мүмкін жеті әлеуметтік күнә – принципсіз саясат, бейнетсіз байлық, арсыз рақат, ақиқатсыз білім, имансыз сауда, ізгіліксіз ғылым, құрбандықсыз құлшылық» деген екен. Десек те, «Дәуір дауысы» кітабында Әбіш Кекілбаев: «Менің пайымдауымша, адамзат шын мәніндегі демократияшыл, адамгершілігі мол қоғамда әлі өмір сүріп көрген жоқ» деген сөзі әлі де адамзат бір идеяның төңірегінде топтаса алмайтынын көрсетіп отыр. Еліміз тәуелсіздік алғалы жоғарыда айтқан қоғамдық санаға қатысты көптеген идеяны ұсынып келеді. Осы ретте орыс ойшылы Н.Бердяевтің: «Мемлекеттің міндеті – осы елде жұмақ орнату емес, ел ішінің тозаққа айналып кетугін болдырмау» деген сөзі еске түседі. Демек, мемлекеттің ғана емес, барша адамзаттың міндеті де осы болса керек.

Карл Маркс пен Фридрих Энгельс өздерінің коммунистік теориясында жекеменшікке қарсы шығып, қоғамдық меншік пен ортақтықты жақтайды. Олардың партия манифесінде айтқан «Барлық елдің пролетарлары, бірігіңдер!» деген сөзі коммунистердің ең танымал ұранына айналды. Олар, әсіресе өндірістік құралдардың ортақ меншікке өтуі арқылы қоғамдағы таптық теңсіздікті жоюды мақсат етіп, жекеменшік капиталистік қоғамның негізгі қайнар көзі деп санап, оның адамзаттың бостандығына кедергі келтіретінін айтқан. Осы ретте ойшыл ақын Тыныштықбек Әбдікәкімовтың «Ес бағында» атты поэмасындағы ортақ пен меншікке қатысты ойларын ортаға салуды жөн көрдік. Поэма: «Ортақ, Меншік. Ымырасыз қос ұғым. Талай көсем ойлап өлген жосығын», – деп басталып:

«Ортақ – не мән?

Осы – менің білмегім.

Меншік – не мән, өзін-өзі күрмегір?!

Күн мен Жердей бола алмай ма екеуі,

Күн мен Жердей: нұрға – гүл де,

гүлге – нур?..

Озбыр тірлік,

Жүйке ортейді ащы мұң,

Ортақ, Меншік!.. Көрер ме едік пошымн!..

Қойшы оны,

Нұрды айтысаңшы,

Ақысыз,

Ағыл-тегіл төгеді-ай кеп осы Күн!» дей

келе, Меншік пен Ортаққа қатысты өз ұстанымын былайша сабақтай түседі:

«Коммунистік ортақ құрылыс» – кешегім,

Бас сүйектен тұрғызылған, есебі.

Кіл қызыл сөз!

Саясаттар көші еді...

Бүгінгіміз – саудагерлер шешетін

Ортақ? Меншік?

Ол – «Шығай»?

Сен – «Көсесің»?

«Шығайбайлар» жібермейді есесін!», –

деп кешегі коммунистік кезеңнің «ортақтығы» мен бүгінгінің «меншіктігіндегі» қателіктерге ой жүгірткен ақын бұл поэмасында адамзатқа тән «Ортақ» бар дейді және оны «Ой» дейді. Ақынның пайымдауынша, адамзатқа тән ортақ ақиқат бар, ақынша айтсақ, «Ортақ Ес» бар. Сол ақиқаттың төңірегінде топтаса алса ғана ұшпаққа шығады. Ол үшін «менменсінген» «меншіктен» бас тарту қажет. Бұл ретте ақынның ойы Толстойдың идеялары ішінде «болмыс бірлігі» және «жалпыадамзаттық ортақ рух» тұжырымдамасымен сабақтасып жатыр десек болады. Толстой қоғамдық сана тұтастығы хақындағы жазбасында былай дейді: «Адамдар ақиқатта ғана біріге алады. Ол үшін бір-біріне қарама-қарсы жүрудің қажеті жоқ. Керісінше, барлығы ақиқатқа қарай жүруі керек. Тек сонда ғана олар біртұтас болмысқа айналады. Адамдар жарасайын деп жараспайды, жолдары бір болғаннан кейін жарасайды. Үлкен храм бар деп елестетейік. Оның жарығы жоғарыдан бір нүктеге ғана түседі. Құлшылық қылушылар бастарын қосу үшін бір-біріне емес, әлгі ортадағы сәулеге ұмтылса жеткілікті. Сонда ғана олар өзара жұмылады», – дейді данышпан.

# ЖЕТИСУ ПЕТРОГЛИФТЕРІ

## ЖАСЫРҒАН ЖҰМБАҚ

Жетісу облысында бітік тастар мен ежелгі қорымдардың үлкен шоғыры бар. Бағзы дәуірдің сырын бүккен балбал тастардың бір шоғырын аймақтан көптеп кездестіруге болады. Тасқа бәдізделген түрлі сурет пен таңба ежелгі заманда осы аймақта өмір сүрген адамдардың тұрмыс-тіршілігінен хабар беріп тұрғандай. Қазір ғылыми негізделіп, тарихи мұралар тізіміне енген табиғи нысандар туристердің көзайымына айналып отыр. Дегенмен аумақтағы тарихи орындарды анықтап, ондағы суреттер мен сына жазуларын оқу, ғылыми тұрғыда зерттеу мәселесі күн тәртібінде тұр. Мұнан бөлек, құнды жәдігерлерді табиғи жағдайда сақтау да оңай болмай тұр.

**А Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,**  
Жетісу облысы

### ТАМҒАЛЫ ТАСТАРЫ

Кербұлақ ауданындағы Арқарлы тауы етегіндегі көне петроглифтер орналасқан аумақ Тамғалы деп аталады. Осы Тамғалы шатқалында ұзын-ырғасы 4 500 шама-сында петроглиф бар екен. Сына жазулары бар аймақ бүгінде ЮНЕСКО ұйымының тарихи маңызы бар құнды мұралар тізіміне енген. Барлық ескерткіш тастар – мемлекет қорғауында. Ал ашық аспан астындағы мұражай көне тарихтың сырын паш етіп отырған құндылық қана емес, танымдық тұрғыдан да ерекше нысанға айналған. Бұған Тамғалыдағы тасқа басылған суреттерді тамашалауға келуші туристер қатарының жыл сайын көбейіп отырғаны дәлел болады.

Жалпы, осы Тамғалыдағы сына жазулар мен суреттердің түпкі ізі біздің дәуірімізге дейінгі XIV-XIII ғасырларға бастайды. Мамандар бұл маннан ежелгі қола дәуіріне тән петроглифтердің 5 мыңға жуық түрін анықтап, тізімге алған. Тасқа ойып салынған суреттерде адамдар мен жануарлар әлемінің байланысын әйгілейтін нысандар жиі кездеседі екен.

Қоршаған ортадағы құбылыстар мен Құдайға құлшылық ету дәстүрінің де сипатын бейнелеген сызбалар баршылық. Яғни, тастағы суреттердің бір парасы бізге қазіргі заманғы мифология ғылымынан жақсы таныс көне дәуірдегі аншылық пен Тәңірге табыну белгілерінің ақиқатын ашса, бір бөлігі ежелгі түркі әлемінің зерттеу жазбалары арқылы белгілі болған жаугершілік кезеңін де сипаттап береді. Тамғалы тастарында Будда діні дәуірлеген уақыттың да терең ізі қалғаны талассыз жайт. Өйткені шатқал ішіндегі төрт колды Будда бейнесінің қашалған суреті соны әйгілейді.

Өкінішке қарай, Кербұлақ ауданындағы Арқарлы тауы етегінде ұзақ уақыт бойы жұмыс істеп келген құрылыс материалдарын дайындайтын карьер осы тарихи жәдігерлерге зиянын тигізіп, жойып жіберуге шақ қалған екен. Осыдан екі-үш жыл бұрын көне петроглифтер орналасқан аумақтың жекешеленіп



кеткені және осындағы тарихи ескерткіштердің тас-талқан болып үгітіліп, құрылыс қиыршығына айналып жатқаны жайында жазылды. Бақсақ, сына жазу мен суреттер шоғыры табылған аумақ 2006 жылы жеке компаниялардың иелігіне берілген екен. Тек 2017 жылдан бастап қана аталған Малайсары тауының етегіндегі аумаққа облыс әкімшілігі назар аударып, тастағы жазбалар мен суреттерді бақылауға алған.

### ЕШКІӨЛМЕС ЖОТАСЫ

Ешкіөлмес тау жотасы Талдықорған қаласынан 30 шақырым қашықтықта,



онтүстік бағытқа қарай I сағаттық жерде созылып жатыр. Тау баурайында кішігірім 24 шатқал бар екен. Археологтар бұл маннан табылған өркениет іздерін кешенді ескерткіштер тобына қосады. Әр тұстағы қазба жұмыстары жерлеу орындарын, қорғандарды, қорғандардың маңына қойылған ғұрыптық қоршауларын тапқан. Анықталған тас мүсіндер, балбал тастар, жартастардағы суреттер мен таңбаларға қарап ғалымдар бұл маңдағы бөдіз іздерін ойма жазулар тобына жатқызады. Жалпы, Ешкіөлмес аңғарында қола дәуіріне жататын 4 мыңнан астам петроглифтер сақталған. Тастағы аң, құс бейнесі, ғұрыптық таңбалар өте жақсы сапада көрінеді.

Атауы айтып ұрғандай, Ешкіөлмес жотасы ежелгі заманнан малға жайлы атаконыс болған мекен. Шөбі шүйгін, қысы жайлы шатқал көшпелі өркениеттің тіршілік етер тірек ортасы ғана емес, ежелгі адамдардың тұрмыс-салтынан да хабар беретін киелі орынға ұқсайды. Қазір ғылыми негізделіп, «Ешкіөлмес петроглифтері» деген атауға ие болған аумақ 1998 жылы «ЮНЕСКО Әлемдік мұра нысандар» тізімінің «Аралас (Мәдениет+Табиғат) санатына» қосы-

лып, арнайы қорғау мәртебесін иеленген. Бұл жұмыстың басында Әлкей Марғұлан атындағы археология институты тұр. Ал шатқалдағы ежелгі өркениеттің ізін алғаш рет 1970 жылы геолог Людмила Скрынник тапқан екен. Кейіннен, 1982 жылы академик Александр Марьяшев бастаған Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының археологиялық экспедициясы ресми зерттеу жұмысын бастап, Ешкіөлмес жотасында тек тасқа бәдізделген суреттер ғана емес, өте ерте



**Жалпы, осы Тамғалыдағы сына жазулар мен суреттердің түпкі ізі біздің дәуірімізге дейінгі XIV-XIII ғасырларға бастайды. Мамандар бұл маннан ежелгі қола дәуіріне тән петроглифтердің 5 мыңға жуық түрін анықтап, тізімге алған. Тасқа ойып салынған суреттерде адамдар мен жануарлар әлемінің байланысын әйгілейтін нысандар жиі кездеседі екен.**

кезендегі қорымдар мен ырым рәсімдері жасалатын орындардың болғанын дәлелдеген.

«Ешкіөлмес жотасының петроглифтерінде скифтік-сібірлік аң стилі дәстүрінің пайда болуы анағұрлым ашық байқалады және Солтүстік-шығыс Жетісудың тас өнерінің негізгі көркемдік дәстүрі көрінеді. Жартастарға сурет салудың өзіндік ерекше тәсілдері мен жергілікті ежелгі суретшілердің көркемдік бейнелеу өнері болғандығы сөзсіз. Жартастарға граффити – қашау техникасымен ойылып салынған, кейде 1-2 см-ден аспайтын кіп-кішкентай бейнелер өсемдігімен ерекше көзге түседі. Басқа да осы типтегі ескерткіштерге қарағанда мұндағы жартастар өнері – осындай ерекшеліктерге анағұрлым бай және алуан түрлі, Ешкіөлмес ғибадатханасының суреттері саны жағынан әлемге танымал Тамғалытас кешенінен асып түседі» деп жазылған сол кездегі Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының археологиялық экспедициясының мүшесі жазған ғылыми есептердегі мәліметтерде.

Ешкіөлмес жотасы қазір Ескелді ауданындағы туристердің назары ауған тарихи мекенге айналып келеді. Мұндағы арғысы б.з.д. 2 мыңжылдықтың ескерткішіне жататын, қола дәуірі кезеңіне кіретін табиғи ескерткіштерді тануға деген қарапайым жұрттың ықыласы ерекше екен. Енді аудан аумағында келушілерге жағдай жасап, тұтас туристік кластер қалыптастыру міндеті тұр.

### БАЯНЖҮРЕК БЕЛГІСІ

Ақсу ауданы аумағындағы Қызылағаш пен Бүйен өзендерінің арнасымен жоғары

өрлейтін жол Жетісу Алатауының жоталары барып тіреледі. Осы маннан әйгілі Баянжүрек петроглифтері табылған. Жалпы, Шығыс Жетісудағы жартастар суреттерін зерттеу жұмыстары XIX ғасырда басталғанымен XX ғасырдың 80-жылдары ғана белсенді түрде қолға алынды. Әр жылдары мұндағы петроглифтерді, көне қоныстар мен қорымдардың қазбаларын Ә.Әкішев, З.Самашев, А.Марьяшев, А.Горячев, Р.Саламен сияқты археологтар жүргізген екен.

«Баянжүрек аумағындағы ең бір көрнекті ескерткіштер – петроглифтер, олардың ішіндегі анағұрлым құндылары таудың батыс жақ бөлігінде шоғырланған. Мұнда қола дәуірінен бастап XIX–XX ғасырлар басына дейінгі уақытты қамтитын барлығы 2500-дей петроглифтер бар. Суреттерді жартастарға салу әдісі алуан түрлілігімен ерекшеленеді: ойып, кесіп және қашап жасалған. Өрнектеп-өңдеу суреттің ұсақ бөлшектерін дәлірек беруге мүмкіндік береді. Кейде 1-2 см-ден аспайтын кішкентай суреттер ерекше нәзіктігімен ерекшеленеді. Ертедегі суретшілер жартастағы суреттерді салғанда құздың әртүрлі табиғи ерекшеліктерін жиі пайдаланған; мысалы, бұғының мүйізін салғанда құздың жарықшақтарын оңтайлы пайдалана білген» дейді өз есебінде зерттеуші ғалым А.Марьяшев.

Баянжүректегі белгілерде сак дәуіріндегі қоныстардан хабар беретін суреттер де бар екен. Бірақ олардың саны аз дейді ғалымдар. Мұндағы петро-

глифтердің көп бөлігі қола дәуірінде ойылып жасалған да, кейіннен жаңадан өңделіп отырған-мыс. Аса маңызды ескерткіштер қатарына қола дәуірі мен ерте темір дәуірі жатады. Петроглифтерден суреттеу мәнерінің айқын ерекшеліктері байқалады. Көбі аң стилінде салынған. Мысалы, Баянжүрек жартастарында бүгілген аяқтарымен немесе тұяқтарының ұшымен тұрған бұғының суреттері бірнеше рет кездеседі екен. Ал қабанның тасқа түскен сызбасы сақтардың аң стилінде орындалған. Ит пен қасқыр сияқты жыртқыш аңдардың шөп қоректі жануарларды қуалап, аулаған сәтін бейнелеген көрініс те бар.

### ТҮЙІН:

Айтпақшы, дәл осындай тарихи жәдігерлердің бір тобы Талдықорған қаласының маңында да бар. Облыс орталығының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан Қызылтас шатқалында көне дәуірге жататын петроглифтер шоғыры анықталған болатын. Бірақ бұл аумақта құрылысқа қажетті материал шығаратын компания жұмыс жүргізіп жатқан еді. Соның кесірінен тарихи жәдігерлердің жойылып кету қаупі жоғары болды. Экологтар мен қоғам белсенділерінің араласуынан кейін ол жерде диорит өндіруге мүлдем тыйым салынды. Сондай-ақ Қызылтастың бірегей петроглифтері жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын тарихи-мәдени нысандар тізіміне енгізілді.

## ҚОҒАМ

15 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

Сыбайлас жемқорлық – бұл үнемі мұқият зерделеуді, жүйелі әрі кешенді іс-шаралар қолдануды қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту – бүгінгі күндегі басты мақсат.

«Жазалау оңай, тәрбиелеу қиын» демекші, Агенттік бастамасымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтар балабақшадан бастап жоғары оқу орнына дейін тұлғаның дамуының барлық кезеңдерінде жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, түсіндіру жұмыстарының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Сондықтан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қазіргі таңдағы басты мақсаты – бұзушылықтардың алдын алу іс-шараларын жүргізу болып табылады. Осыған орай Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментімен облыс аумағындағы, жастар арасында бұзушылықтарға төзімділікті жою мақсатында «Заң мен Тәртіп», «Тәртіпті өзіңнен баста!» қағидаттарын жүзеге асыру жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Себебі адал, шыншыл, бұзушылыққа төзімсіз жастарды тәрбиелеу еліміздің болашаққа деген нақты қадам жасауына бірден-бір кепілі.

Сонымен қатар қазір сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдаулар мен мониторинг жүргізудеміз, бұл құрал осы қоғамдық қатердің себептері мен жағдайларын анықтауға мүмкіншілік береді. Бүгінде мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдары өз қалауымен жыл сайын осындай ішкі талдаулар жүргізеді. Аталған жұмыс нәтижесінде облыс аумағындағы мемлекеттік органдармен 2024 жылда 654 тәуекел анықтауға мүмкіншілік берді. Қазір осы тәуекелдерді жою бойынша шаралар қабылданду.

Дегенмен қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмысының нәтижесін дем арасында бағамдай алмайтынмызды түсіну қажет. Біз 10 жылға жуық уақыт ішінде жемқорлықтың алдын алуға бағытталған жұмыстарды белсенді түрде жүргізіп келеміз. Осы мерзім аралығында бұл қатер қоғамға кері әсерін тигізеді деген көзқарастағы жастар қатары көбейуде. Қазіргі қоғамда әр азамат өз құқығына қарсы қандай да бір іс-әрекет жасалған жағдайда не істеу керектігінің нақты жолдарын толық білуі қажет. Сол себепті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу және Қазақстан Республикасының сыбайлас

# Қоғам дертіне ҚАРСЫ КҮРЕС – ОРТАҚ МҮДДЕ



жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру мақсатында 2015 жылғы 18 қарашада «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңы қабылданған. Заңнамаға сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу бірқатар міндеттерді шешу арқылы іске асырылады. Соның ішінде азаматтар арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады. Сондықтан қазіргі таңдағы сыбайлас жемқорлықпен күресудегі қолданылып жатқан құралдар мен механизмдер кешені толық жүзеге асырылуда деп айтуға болады.

Сонымен қатар жемқорлыққа қарсы кешенді күресу іс-шараларының орындалуы тікелей Президентіміздің бақылауында. Естеріңізге сала кетсек, 2025 жылғы 3 қаңтарда Президентіміз «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында «Заң мен тәртіп» қағидасын ұстану және қоғам арасында насихаттау қажеттілігін белгілеген болатын.

Осы қағиданың терен мағынасына жүгінетін болсақ, «Заң мен тәртіп» – мемлекеттік құрылыстың басты қағидаты. Бұл ретте жазалау шараларын қолдану арқылы қоғамға жаппай бақылау орнату емес, шын мәнінде кемел демократияның тірегі, құқықтық мемлекеттің негізі ретінде тануымыз қажет. Яғни, құқық нормаларына құрметпен қарамасақ, тәртіп пен заңға бағынбайтын болсақ,

келешекте әділетті мемлекет құрып, оны өркен ету қиынға соғады.

Ал біздің міндетіміз – бұл қағидатты еліміздің құндылықтар жүйесіне барынша енгізіп, халық болмысының, қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру. Әрине, осының бәрін жүзеге асыру үшін көп уақыт пен күш-жігер қажет. Себебі әр азамат бұл қағидатты қатаң ұстануға, оны өмір салтына айналдыруға дайын екендігіне өз қалауымен келу керек.

Біз өз тарапымыздан аталған бағыттағы жұмысты жалғастырамыз. Қазір облысымыздың барлық аймақтарын қамтумен, сонымен қатар жастар арасында жоғары оқу орындары мен барлық бастауыш пен орта білім ордаларын қамтумен жаппай түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Осылайша, аталған жұмыспен барлық мақсатты топтарды толық қамтуды жоспарлаудамыз.

Аталған жұмыстың тиімділігіне халықаралық рейтингтік ұйымдар дәлел. Қазақстан Transparency International жемқорлықты қабылдау индексындағы орнын жылдан жылға жақсартуда. Мысал келтіретін болсақ, Transparency International «Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі» халықаралық рейтингінде 2024 жылы Қазақстан нәтижелері әлдеқайда өскен. Еліміз 40 ұпай жинап, 180 ел арасында 5-орынға көтерілді (88-орын). Бұл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді шаралардың арқасында қол жеткізілген жаңа тарихи көрсеткіш.

Әлем бойынша орташа балл – 43, ал «Шығыс Еуропа және Орталық Азия» аймағында (19 ел) 35 болды. Ал баяндамада Қазақстан рейтингі 2016 жылдан бастап 11 балға (29 балдан) айтарлықтай өскені аталған. Орталық Азия өңірі бойынша Қазақстан ең жо-

ғары орынды иеленіп, рейтингін жақсартқан жалғыз ел болды.

Индексте Қазақстаннан кейін Үндістан (38), Индонезия (37), Аргентина (37), Сербия (35), Украина (35), Бразилия (34), Тайланд (34), Түркия (34), Беларусь (33), Ресей (22) және т.б. елдер орналасқан.

Жемқорлықты қабылдау индексі – Қазақстанның рейтингін шығару үшін 9 түрлі ұйымның деректері пайдаланылған композиттік индекс болып табылады. Рейтинг мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықты қабылдаудың сараптамалық және бизнес-бағалауларына негізделген. Сондықтан біз жоғарыда айтылып кеткен барлық бағыттар бойынша жұмысты одан әрі жандандырамыз.

Естеріңізде болса, 2022 жылда Мемлекет басшысының Жарлығымен жаңа бесжылдыққа бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың Тұжырымдамасы бекітілген болатын. Келесі жылы бұл Тұжырымдама нәтижелері баяндалмақ. Бекітілген Тұжырымдама – бұдан бұрын 2015–2025 жылдарға бағытталған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның жалғасы ретінде бекітілген құжат. Себебі Стратегияда бекітілген барлық бағыттар толық жүзеге асырылды. Қазір жаңа Тұжырымдамада белгіленген талаптар мен міндеттерді сапалы әрі тиімді орындау – баршамызға басты міндет. Құжатта Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудан қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге, халықтың сыбайлас жемқорлық пен непотизмнің кез келген нысандарын қабылдауына, алдын алу шараларының басымылығына көшуге бағытталғаны айтылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды бірінші кезекте тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жоюға бағыттадық, соған сәйкес мемлекеттік органдардың транспаренттілік және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу қағидаты бойынша халықпен өзара іс-қимыл форматына көшуі жалғасуда. Сонымен қатар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің жұмысын жандандырдық. Тек біздің облысы бойынша 280 квазимемлекеттік сектор ұйымдарында комплаенс қызметі жұмыс істеуде. Негізгі мақсат – қоғам мен оның қызметкерлерінің занаңаманы сақтауды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды енгізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу мен сыбайлас жемқорлық көріністерге жол бермеу болып табылады.

Сондықтан Тұжырымдамада белгіленген талаптар мен міндеттерге толық қол жеткізудеміз. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыс бұдан әрі күшейтіледі.

Менің ойымша, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Мемлекет басшысы бұған дейін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекетіміздің стратегиялық дамуының негізгі

басымдықтарының бірі екенін айтқан болатын. Яғни, сыбайлас жемқорлық тек құқықбұзушылық емес, бұл мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді төмендетеді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіреді деген сөз. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп, әрекет етуі керек. Адалдық, заңдылық пен прагматизм әркімнің ішкі құндылық нанымына айналуға тиіс.

Қоғам сыбайлас жемқорлықты проблемаларды оңай шешудің кепілі ретінде қабылдамауға, достық қарым-қатынас пен протекционизмді жұмыспен ұштастырмауға, ал жемқорлар қоғамдық айыптауға ұшырауға тиіс.

Оның үстіне, түрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған коммуникациялық шаралар кешенін қабылдау қоғамдық сананың сыбайлас жемқорлыққа қарсы эволюциясында негізгі рөл атқарады. Құқықтық актілерді түсінікті тілде, қысқаша түрде түсіндіре отырып, сондай-ақ цифрлық шешімдерді, оның ішінде белгілі бір өмірлік жағдайлар мен заңдық фактілер бойынша автоматтандырылған хабарларды қолдана отырып, азаматтарға олардың құқықтары туралы нақты хабарлауды дамыту қажет.

Ауқымды түсіндіру жұмысы азаматтардың мәселелерді шешудің заңсыз тәсілдерін іздеу қажеттілігінен қорғауға мүмкіндік береді. Парасаттылық жүйесін қалыптастыру кезінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермейтін жаңа көзқарастары мен өмірлік қағидаттары бар жас ұрпақты тәрбиелеу аса маңызды рөл атқарады. Себебі тұлғаның қалыптасуының барлық кезеңінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды дарыту – мақсатқа қол жеткізудегі іргелі фактор.

Мемлекеттік қызметшілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндетті оқытуды оның үздіксіздігін, дәйектілігін мен өзектілігін қамтамасыз ете отырып, дамыту қажет. Алайда мемлекеттік аппараттың «тазалығын» қамтамасыз ету үшін лауазымдық міндеттері сыбайлас жемқорлықтың жоғары тәуекелдерімен ұштасатын қызметшілермен жұмыс жөніндегі шараларды қажет етеді.

Бизнестің парасаттылығына жәрдемдесу бағытында белсенді жұмыс атқару қажет. Кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдау аясында адал бизнесті ынталандыру да өзекті. Осы бағыттағы пәрменді шара сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты ерікті түрде имплементтеу болып табылады.

Яғни, қорытындылай келе, қоғамымыздың барлық мақсатты топтар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытындағы жұмыспен қамтылу қажет. Құқықтық тәрбие сапасы, ұлттық сауаттылық, ар намыс, парасаттылық қағидаттарын дамыту нәтижесінде ғана біз деген мақсаттарымызға қол жеткізе аламыз. «Жұмылып көтерген жүк жеңіл» демекші, болашақта алдымызға қойған мақсаттардың сапалы әрі тиімді орындалуына нық сенімдіміз.

**Бауыржан ҰЗЫНЖАС,**  
Қазақстан Республикасы  
Сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы іс-қимыл агенттігінің  
Қостанай облысы бойынша  
департаментінің басшысы

## ТІРШІЛІК

15 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

Құсбегілік – қазақтың салтымен біте қайнасып, бірге жасасып, бабадан балаға мұра болып жеткен саф өнер. Қанаттылардың «ханы» деп дәріптелген қыранды қазақ қай кезде де құрметтеген. Бүгін де бұл асыл өнеріміз айрықша насихатталып, ерекше екпінмен дамуда. Бір жылдары тіпті «Құсбегілер мектептерін» Жамбыл облысынан құру туралы бастама көтерілген болатын. Алайда басы тәп-тәуір басталған тірліктің соңы сылдыр суға айналып кеткендей. Осы орайда қазақты қаймағы бұзылмаған Жамбыл өңірінде құсбегілік мектептерін ашуға не кедергі болып жатқанын білмек мақсатта мәселеге майшам салып үңіліп көрген едік.

**Саятхан САТЫЛҒАН,**  
Жамбыл облысы

«Құсбегі және тазы иттер» федерациясы өңірлік филиалының төрағасы Дулат Маратұлының айтуынша, Жамбыл облысы құсбегілер мектептерін ашуға таптырмас мекен екен. Алайда бүгін қолдау болмай тұр.

— Қазір федерация жұмысынан бөлек, Меркі ауданындағы №22 балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің директорымын. Осы мектептен құсбегілік өнеріне баптайтын бір штат ашқанмын. Онда 12 бала жаттығуда. Шәкірттеріміздің алды — әлем мен Азия чемпиондары. Сондай-ақ ел біріншіліктерінің 5 дүркін чемпиондары бар. Алайда талантты жас құсбегілеріміз болғанымен, қолдау болмай тұр. Олай дейтінім, қолда бар 4 бүркіт, 3 қаршыға және 2 ителгінің барлығы — жаттықтырушының жекеменшігіндегі құстар. Ал спорт мектебіне қыран құс алайын десек, бүркіттің бағасы 5000 АҚШ доллары тұрады. Ителгі тіпті 10-15 мың АҚШ долларына бағалануда. Еліміз бойынша тек Алматы облысында «Сұңқар» атты тәлімбақ құрылған. Жалғыз тәлімбақ болғаннан кейін онда тандау бола бермейді. Жамбыл облысынан тәлімбақ ашайын десең, ол да үлкен қаржыны қажет етеді. Содан қолда барды ұқсатып, әйтеуір жұмыс істеп жүрміз, — дейді Дулат Маратұлы.

Өңірлік филиал төрағасының сөзіне сүйенсек, негізі бұрын Жамбыл облысындағы спорт мектептерінде ресми тіркелген 3 бүркітші болған екен. Қазір соның біреуі ғана қалған. Қалған бүркітшілер спорт мектептерінде жалақы аз болғаннан кейін жұмысқа кіргісі келмейді. Ал Алматы облысындағы бір ғана Нұра ауылында 40 бүркітші бар. Сондай-ақ Ақмола облысында құсбегілік өнеріне деген жанашырлық басым. Мәселен, олар 2 жыл қатарынан «Бүркітшілер фестиваліне» қазынадан қаржы қарап, жүздеген «Нива» автокөлігін тікті. Дәл сондай Шығыс Қазақстан облысының билік өкілдері бюджеттен 40 миллион теңге бөліп, Өскеменде ат шаптырып, киіз үйлер тігіп, жылда дүркіретіп бүркітшілер жарысын өткізеді. Ал Жамбыл облысында сондай қолдаудың ұшқыны да жоқ. Соған қарамастан жас бүркітшілеріміз дүбірлі додаларда дара шауып, бүгінде республика көлемінде көш бастап тұр. Бір сөзбен айтқанда, талантты жастарымыз аз емес, алайда оларға жағдай жасалмауда.

— Алдыңғы жылы Павлодар мен Петропавл аймақтарынан құс ұстайтын азаматтар шығып, Әулиеата жеріне қоныс аударуға ниет білдірген. Алайда олар баспана сынды тұрмыстық қажеттілікпен жергілікті билік өкілдері қамтыса деген өтініштерін білдірді. Алайда біз ондай мүмкіндік жасап бере алмадық. Содан олар да келмей қойды. Қасиетті Әулиеата өңірі —



# ҚҰСБЕГІЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ: САЛАҒА СОНЫ СЕРПІЛІС

ҚАЗЖЕТ

«Құсбегілер мектебін» ашуға лайықты бірде-бір мекен. Себебі бегзат өнер біздің жастарымыздың қанында тұр. Енді тек билік тарапынан демеу болса, бүркітшілікті біз жана белеске шығарар едік, — дейді Дулат Маратұлы.

Ұлттық өнердің жанашыры «Құсбегі және тазы иттер» федерациясының да жұмысы кенжелеп тұрғанын айтады. Оның сөзінше, федерация құрылғанымен, өңірлік филиалдарға қаржы қаралмай ұмыт қалған. Осылайша, кеше ашылған федерация бүгін жабылу алдында тұр.

— Негізі, бізде бір нәрсені бастау бар да, аяғына дейін жеткізу жоқ. «Құсбегі және тазы иттер» федерациясын құрдық та, алайда оның жұмысын жүргізуді кейінге ысырып қойдық. Қазір қолымызда федерацияның мөрінен басқа ештеңе жоқ. Бірер жыл бұрын қырғыздар көкпар ойынына көз салып, өздерінің ұлттық өнері ретінде дәріптей бастағанда, енді тазы итімізден айырылып қалмайық деп оларды арнайы тіркеуден өткізуді қолға алғанмын. Сол кезде Жамбыл облысы бойынша 697 тазының басы құралды. Енді соны патенттеп алайын десек, министрлік иттердің саны 1000 бастан аспайтын болса патент берілмейтінін айтып, ниетімізді су сепкендей басты. Кейін тазы иттердің тағы санағын жүргізіп, үй-үйді аралап, әлеуметтік желілерден арнайы топтар құрып,

айтқанда, қазір біз құсбегілік өнерін үйрететін адам таппай отырмыз. «Бүркіттің бабын білсем» дейтін жастар көп. Алайда білікті маман болмай тұр. Жаттықтырушылардың жалақылары да аз емес. Спорттық дәрежелеріне қарай алады. Мәселен, бүркітшілер жарысында әлем чемпионы болып келген Бабажан Бағдәулет 500 мың теңге үстінде жалақы алады. Бір сөзбен айтқанда, құсбегілік өнерді жан-тәнімен сүйіп, аянбай тер төккен лайықты жемісін де көресін, — дейді Нұрдаулет Момынов.

Өңірдегі ұлттық спортқа жауапты маманнан осын-дай жауап естігеннен кейін «өз еркімен қызметтен кетті» деген бүркітші Бауыржан Ешметовтің есігін қалтқы. Алайда құсбегі жұмыс берсе, қазір кірісуге дайын екенін айтып, аң-таң қалдырды.

— Жамбыл ауданындағы спорт мектептегі штатым қысқарып кетті. Содан жұмысым қалдық. Әйтпесе, жұмыс берсе, қазір істеуге дайынмын. Қолымда 2 бүркіт, 2 қаршығам бар. Осы таңға дейін 16-17 жас құсбегіні тәрбиелеп шығардым. Қолымнан түлеп ұшқан бір шәкіртім күні кеше Көкшетау жерінде өткен жарыста жүлделі 2-ші орынды иеленіп келді. Дәл сондай бүркіт баптауға ниетті талантты жастар көп. Алайда оларды баптау үшін жаттықтырушыларға да жағдай жасау керек. 140 мың теңге жалақыға құстарға жем аласың ба, әлде бала-шағанды асырайсың ба, жетпейді. Содан бүркітшілердің дені спорт мектептеріне жұмысқа келгісі келмейді. Егер біздің еңбегіміздің лайықты бағасын беретін болса, Жамбыл өңірін жас құсбегілердің орталығына айналдыруға болады, — дейді құсбегі.

Иә, осылайша тараптардың сөздері қиыспай, санамызды сансаққа жүгіртті. Бірі «бүркітшілердің өздері жұмыстан қашып отыр» десе, енді бірі «кызмет бермейді» деп шырыл қағуда. Кімнің ақ, ал кімнің жала сөйлеп отырғаны белгісіз. Бұл түйткілдің түйінін жоғарғы билік өкілдерінің араласуымен ғана тарқатуға болатын секілді. Осы орайда өңірдегі құсбегілік өнері мен бүркітшілер мектебін ашуға қатысты АҚШ-тың Луизиана штатындағы Hawking құсбегілер клубының мүшесі, этнограф, зерттеуші-натуралист, Кеңес Одағы тұсында Жамбыл жерінен алғаш болып құсбегілер үйірмесін ашқан Жапар Тілеужанұлының пікірін білген едік.

— Кеңестік кезеңде құсбегілердің алғашқы жолы Шу ауданы Новотроицк (қазіргі Төле би ауылы) семхозында салынған болатын. Сол тұста өзім бас болып «Қауырсын» құсбегілер клубын құрғанмын. Жас өрендерді ата-бабадан келе жатқан бекзат өнерге баулып, талай шәкірт тәрбиеледім. Осынау бастамамыз одаққа тарап, АҚШ, Болгария, Венгрия сынды мемлекеттерден туристер мен саятшылар лек-легімен ағылды. Және шетелдіктер «Тас-түлек» фильмін түсіріп, ұлттық өнеріміз барынша дәріптелді. Кейіннен «Қауырсын» атты кітап та жарық көрді. Сол жылдары америкалықтар мені Hawking бүркітшілер клубына да мүшелікке алды. Қазір өзі қыран ұшырып, оған аң алдырып, ешкімді таңғал-

дыра алмайсыз. Өйткені құсбегілік өнер әлемдік аренада қатты насихатталуда. Елдің бәрі әлеуметтік желілер арқылы небір қызықты көріп отыр. Сондықтан біз төл өнерімізді басқа қырынан көрсете білуіміз қажет.

Бүгінде құсбегіліктің көрермені аз. Сондықтан болар, тірі анды қолдан жіберіп «шоу» жасап жүрміз. Бұл әрекетімізді халықаралық ұйымдар қолдамайды. Сол себепті басқа шара ойлануымыз қажет. Қазір өткізіліп жүрген құсбегілік сайыстарында құсты қоянға салу етек алған. Бұл дұрыс емес. Бұрынғы қазақ зенбірекпен торғай атқандай қылып қыранды қоянға салмаған. — дейді Жапар Тілеужанұлы.

Оның пікірінше, құсбегілік өнерді жеке бөлмей, кешенді түрде сал-серілік институты ретінде дамытып, оған тазы мен жылқыны, тағы басқа халықтарды қызықтыратын салт-дәстүрлерімізді қосып, ұлттық өнердің жиынтық бейнесін жасаған дұрыс. Бұлай болғанда өңірлерде туризмді дамытуға және байырғы мұрамызды ғылыми тұрғыдан жетілдіріп, халықаралық деңгейде насихаттауға болады.

— Қалай айтсақ та, құсбегіліктің отаны — қазақ даласы. Сондықтан біз басқаларға жол көрсетіп, үйретіп отыруға тиіспіз. Ол үшін үлкен қалаларда құсбегілікті дамытуға арналған шатырлы, қозғалмалы стадион салатын кез жетті. Одан кейін тағы бір есте болатын дүние — Алматы қаласында орналасқан Қазақ спорт және туризм академиясы негізінде қызықтаушы студент, жастарға құсбегілікті үйрететін факультативті курс немесе сабақтар ұйымдастырылса, нұр үстіне нұр болады. Бұған барып білгенімді үйретуге өз басым дайынмын. Екіншіден, елімізде әлемдік құсбегілер орталығын ашуға мүмкіндік бар. Егер бұл шаруа қолдау тапқан жағдайда орталықты Жамбыл немесе Маңғыстау өлкесінен ашқан дұрыс. Өйткені бұл жерлер саят құстарының өмір сүру дәлізі саналады. Сонда ғана біз өзімізді құсбегіліктің «иесіміз» деп айта аламыз. Ал бүркітшілер мектебіне келер болсақ, оны ашпаса бұрын, ең алдымен қыран құстарын өсіретін тәлімбақтарды көптеп құру қажет. Және саятшылық өнеріне жеке бір құрылымдық статус берген жөн. Сонда құстардың азығы, бүркітшілердің жалақысы, материалдық-техникалық базасы сынды мәселелер өздігінен шешімін табады, — дейді Жапар Тілеужанұлы.

Иә, табиғат жанашыры, өмір жолын құсбегілікке арнаған қарияның ұсыныстары орынсыз дей алмамын. Шынында, құсбегілер мектептерін ашу үшін оған ең алдымен қам жасаған жөн. Арнайы тәлімбақтар ашып, материалдық базамызды нығайтып алғанымыз абзал. Сонда ғана көздеген мақсатымызға жете аламыз. Ал біздегі спорт саласына жауапты мамандар мен бүркітшілер әлі күнге бір-бірімен тайталасып, текетіресіп жүр. Сондай-ақ бүркітшілерге мәртебе беруді де мықтап қолға алған дұрыс секілді. Сол кезде құсбегілерге деген құрмет те артады, бұл бағытқа қаржы бағыттауға да мүмкіндіктер ашылады.

«Assalam group» ЖШС, БСН 230840002319, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Атырау қаласы, Қызылқоға ауданы, Сағыз селосы, 3. Маханов 12 үй, телефон +7778 476 21 49.

## ДОДА

15 АҚПАН 2025 | СЕНБІ



## БҰЛ АЗИЯ – БҰРЫНҒЫДАН өзгерек

Қытайдың Харбин қаласында өтіп жатқан ІХ қысқы Азия ойындарында Қазақстан ұлттық құрамасы 137 спортшымен сынға түсіп, қазіргі сәтте 18 медаль жеңіп алды. Азияда ресми түрде аяқталуына 1 күн қалды. Ал бүгін ел спортшылары мәнерлеп сырғанау, биатлон және хоккей бойынша сынға түсуде.

Биатлоннан ерлер мен Бәйелдер құрамасы күміс және қола медаль еншіледі. Ал мәнерлеп сырғанаудың қоланы қанағат тұттық, хоккей додасы бүгін аяқталады.

Бұл жолғы Азия ойындары Қазақстан спортшылары үшін оңай болған жоқ. Бірқатар мықты қарсылас сапында Олимпиада чемпиондары мен әлемдік деңгейдегі тәжірибелі спортшылар

өнер көрсетті. Соған қарамастан қазақстандық шорт-трекшілер қарсыластарынан басым түсіп, жүлдеге ие болды. Ал фристайл-акробатика спортшылары ел тарихындағы үздік нәтижелердің бірін тіркеді.

Қазақстан құрамасы бұған дейін жоғары нәтиже көрсетіп жүрген бірнеше спорт түрі биылғы Азияда бағдарламасына енген жоқ.

Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналиннің айтуынша, Қазақстан құрамасы бұл сынға лайықты қатысып, бірнеше маңызды нәтижеге қол жеткізді.

— Біздің спортшылар мықты қарсыластармен тартысқа түсті. Кейбір спорт түрлері бағдарламаға енбей қалғаны да алтын санының аздығына әкелді. Мысалы, трамплиннен секіру мен могуль жарыстары өткізілген жоқ. Бұл спорт түрлерінен Қазақстанда әлем чемпиондары мен жасөспірімдер Олимпиадасының жеңімпаздары бар еді. Сондай-ақ шаңғы жарысында бұған дейін алтын медаль алып жүрген классикалық қашықтықтар алынып тасталды. Биатлонда 10-20 шақырымдық пурсит, 15-20 шақырымдық жеке жарыс, 12,5-15 шақырымдық жаппай старт болмады.

Десе де, спортшыларымыз қолда бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, өз шеберлігін көрсетті. Әсіресе, шорт-трек пен фристайл-акробатикаға нәтижелер көңіл қуантарлық. Олимпиада чемпиондарынан басым түскен фристайл-акробаттар Қазақстанның бұл спорт бойынша болашағы зор екенін көрсетті. Биатлоншыларымыз да өз деңгейінде өнер көрсете алды. Жалпы, бұл жарыс жана олимпиадалық циклде спортшыларымызға маңызды тәжірибе берді, — деді Руслан Есеналин.

Азия ойындарын Қазақстан ұлттық құрамасы жалпы жүлде саны бойынша төртінші орынмен аяқтады. Үздік үштікке Қытай, Оңтүстік Корея және Жапония енді.

## МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУЛЕР ӨТТІ

Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитетінің президенті Геннадий Головкин мен Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов Азия Олимпиадалық кеңесінің бас директоры, әрі World Aquatics ұйымының басшысы Хусейн Аль Мусалламмен кездесу өткізді.



Ресми шара барысында Хусейн Аль Мусаллам қаңтар айында Астанаға жасаған сапары кезінде көрсетілген қонақжайлылық үшін Қазақстан тарапына алғыс білдірді. Харбиндегі қысқы Азия ойындарының ұйымдастырылу деңгейіне тоқтала отырып, ол 2011 жылғы Азия ойындарын өткізудегі Қазақстанның тәжірибесін ерекше атап өтті және еліміздің ірі халықаралық жарыстарды қабылдауға әлеуеті жоғары екенін айтты.

Қазақстан ҰОК президенті Геннадий Головкин Хусейн Аль Мусалламға көрсетілген сенім мен Қазақстанға жасаған сапары үшін алғыс білдіріп, кездесудің нәтижелі өткенін атап өтті.

«Біздің қызметіміздің басты бағыты — халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты нығайту. Азия Олимпиадалық кеңесін біз стратегиялық маңызды серіктес ретінде қарастырамыз, бұл ұйыммен бізде олимпиадалық спортты Азия құрлығында дамыту бойынша ортақ мақсаттар мен көзқарастар бар. Алда үлкен бірлескен жұмыс күтіп тұр», — деді Қазақстан ҰОК басшысы.

Кездесу соңында Хусейн Аль Мусаллам Қазақстан өкілдерін 11 шілде мен 13 тамыз аралығында Сингапурда өтетін су спортынан әлем чемпионатына құрметті қонақ ретінде шақырды.

Сонымен қатар Қытай Халық Республикасының (КХР)

Бас мемлекеттік дене шынықтыру және спорт басқармасының министрі, Қытай Олимпиадалық комитетінің президенті және Халықаралық ушу федерациясының басшысы Гао Чжиданмен кездесу өтті.

Кездесу Харбин-2025 қысқы Азия ойындарын ұйымдастыру комитетінің ресми қабылдауы аясында өтті.

Тараптар екі ел арасындағы спортты дамыту саласындағы ынтымақтастық үшін өзара алғыс білдіріп, оны одан әрі нығайтуға ниетті екенін мәлімдеді.

Қазақстандық делегация Қытай өкілдеріне қонақжайлылық үшін ризашылығын білдіріп, ашылу рәсіміне шақырғаны және Азия ойындарын жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін алғыс айтты.

«Мұндай ауқымды кешенді жарыстарды өткізу әрдайым үлкен жауапкершілікті талап етеді. Харбин-2025 қысқы Азия ойындарының ұйымдастырушыларына қонақжайлылығы мен үйлесімді жұмысы үшін алғысымызды білдіреміз. Біз ойындардың басынан бері осындамыз және ұйымдастыру комитетінің өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен орындап жатқанын көріп отырмыз. Мұны логистикалық қамтамасыз етуден бастап, техникалық қолдау деңгейі мен еріктілердің үйлесімді әрекеттерінен анық байқауға болады», — деді Геннадий Головкин.

Бетті дайындаған Әсет ҚАЛИ

## ЖАҢА ФУТБОЛ КЛУБЫ ҚҰРЫЛДЫ

Батыс Қазақстан облысында «Жайық» атауымен жаңа футбол клубы құрылды.

БКО дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз қызметінен мәлім еткеніндей, жаңа клуб бұрынғы «Ақжайық» ойыншылары мен жаттықтырушыларының жалақы қарыздарын төлеуді өз міндетіне алды.

«Ақжайық» футбол клубы 2024 жылы борышкерлер тізіміне енген болатын. Сондықтан клуб мемлекеттік сатып алуларға қатысу құқығынан толық айырылып, салдарынан 36 қызметкер 2024 жылдың қаңтар-қазан айлары аралығында жалақысын алмаған.

Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің БКО бойынша департаментінің мәліметінше, қарыздың жалпы сомасы 65,2 миллион теңге болған.

— «Ақжайық» клубының құрылтайшыларына 10 ақпанға дейін демеушілер мен инвесторлар есебінен мәселені шешуге уақыт берілгенімен, жағдай реттелмеді. Осыған байланысты облыс әкімдігі жедел



шара қарастырып, «Жайық» футбол клубын құру туралы шешім қабылдады. Алдағы маусымда «Жайық» Қазақстан чемпионатының екінші лигасында өнер көрсетеді. Сонымен қатар клубтың жастар құрамасы QJ League (Қазақстанның жасөспірімдер лигасы) турниріне қатысуы мүмкін. Жаңа құрылған футбол клубы бұрынғы ұжым алдындағы барлық қаржылық міндеттемені орындап, өңірдегі футболдың тұрақты дамуын қамтамасыз етуді мақсат етіп отыр. Клубтың алға қойған негізгі мақсаттарының бірі — балалар мен жасөспірімдер футболын дамытуға ерекше назар аудару, — деп хабарлады ведомстводан.

AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Сағхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(717) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4555  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,